

Құрылысшылар құрмет төрінде
2-бет



Қайта даярлаудың қайыры
4-бет



Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма?..
5-бет



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 20 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ №93 (23 415)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Өңірлерді дамыту

Президенттен сыйлық – автобус

Қарағанды аймағына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеншілер мекенінің өндірістік дамуы өзінің ұдайы бақылауында болатынын жеткізді. Алып өндіріс «Qazmet» АҚ-ының байырғы даңқы қайтып ораларына зор сенім білдірді. Жыл сайын келіп, өндірісті өлкенің тыныс-тіршілігін көзімен көретінін мәлімдеді. Президенттің бұл сапары кезінде өңірдің әлеуметтік дамуы да назардан тыс қалмады. Бірқатар кәсіпорындармен қатар, білім берудегі, мәдениет саласындағы кей нысандарға да ат басын бұрған болатын. Олардың қатарында «Кәусар» оқушылар сарайы және Нұра ауданы Шахтер ауылындағы Мәдениет үйі бар. Осы екі әлеуметтік нысанға Президент автобус тарту етті. Жаңа автобустар – Саран қаласындағы QazTehna зауытының өнімі.



екенін атап өткен абзал. Инклюзивті оқыту үшін барлық жағдай жасалған. Енді балалар сарайының өз шәкірттерін түрлі байқауларға тасымалдауға мүмкіндік беретін автобусы бар.

«Кәусар» оқушылар сарайының директоры Әйгерім Исебекова Президент тартуының зор сый екенін атап, балалар қажеттілігін өтеуге дер кезінде келген сияпат дейді.

Мемлекет басшысы тосын сый жасады. Балалар енді бұл көлікпен конкурстарға, концерттерге, экскурсияларға және басқа да шараларға еркін бара алады. Оқушылар сарайы қаланың Пришахтинск бөлігінде орналасқандықтан қала орталығына қа-

тынау қиындық тудыратыны рас-тын. Шындығында, көлік бізге аса қажет еді. Сондықтан, бұл біз үшін өте бағалы әрі қажет сыйлық. Дән ризамыз, – деді Әйгерім Исебекова.

Нұра ауданы Шахтер ауылының Мәдениет үйі де сыйға автобус берілгеніне қуанышты. Бұған дейін мәдениет ошағының көлігі болмаған. Ал, Президенттің сыйлығы Мәдениет үйінің мұқтаждығын өтейді.

Көлікті қажет ететін байқауларға бұдан былай алаңсыз барамыз. Өте қуаныштымыз. Ауылымыздың Мәдениет үйінде жеті көркемөнерпаздар жұмыс істейді. Жүзге жуық жастар мен жасөспірімдер шығармашылықпен

айналысады, – деді Нұра ауданы мәдениет үйінің директоры Әділбек Құмар.

Сонымен қатар, Шахтер ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені бар. Бұл автобус алдағы уақытта спортшыларды да жарысқа тасымалдайтын болады.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы 14 тамызда Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келген болатын. Сапар барысында, жоғарыда атап өткеніміздей, өңірдегі өнеркәсіп және индустриялық кәсіпорындардың, әлеуметтік нысандардың қызметімен танысты.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Кәусар» оқушылар сарайы Қарағанды қаласының Пришахтинск аталған бөлігінде ашылды. Балалар күнінде балдырғандар игілігіне табыс-талған еді. Сарайда IT-технологиялар, инженерия, робототехника, VR-саулет және веб-дизайн, сондай-ақ, басқа да көптеген заманауи бағыттарда үйірмелер жұмыс істейді. Сарай 600 оқушыны қабылдай алады.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға да жағдай қарастырылған. Сенсорика және моториканы дамытуға арналған көптеген құрылыстар бар

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Сандық технология сапаға қызмет етеді

Кеше Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы театрда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен дәстүрлі тамыз конференциясы өтті. Быылғы кеңес жылдағы өзгеше интерактивті жүйелер форматына бағытталды. Білім беру жүйесіндегі нақты перспективалар айтылған жиынды облыстың 18 өңірінен – 10 000-нан астам мұғалімдер және ата-аналар online тамашалады. Аймақ басшысы быылғы кеңесте республика деңгейінде еліміздің мерейін үстем еткен жобалардың авторлары мен білім саласында оң шешімін тапқан ілкімді істердің басы-қасында жүрген жастардың пікірін тыңдады.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияның басталуында қатысушылар облыстың білім беру жүйесіне енгізілген жаңа технологиялар көрмесімен танысты. Спикерлер мектепалды, орта және кәсіби білім берудегі қызықты жобалар мен идеяларды ұсынды. Аймақ басшысы кеңесте педагогтер мен педагогикалық еңбек ардагерлерін, ата-аналарды, жалпы жиынға қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласын жаңғырту-



да ең бастысы, жергілікті билік пен ұстаздар қауымы арасында ешқандай тосқауыл болмауы тиіс. Өйткені, білім саласын дамыту, ұрпақ тәрбиелеу – ортақ парыз екенін жиі айтады.

Білім беру саласындағы барлық жұмыс білім берудің сапасын жақсартуға және осы жүйенің барлық қатысушылары үшін қауіпсіз жайлы жағдай жасауға бағытталған. Осының бәрі ай-

мақтағы білім беруді одан әрі дамытуға ықпал ететін болады. Білім беру саласындағы облыстың бюджеті жыл сайын артып келеді.

3-бет



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ

Академик, физика-математика ғылымдарының докторы Т.Ә.Көкетаевтың отбасы мен жақын туыстарына

Көрнекті ғалым, академик Темірғали Әбілдаұлы Көкетаевтың дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтамын.

Темірғали Әбілдаұлы бар саналы ғұмырын ғылымға арнаған парасатты тұлға еді. Әйгілі Оксфорд университетінде дәріс оқыған тұңғыш қазақ ғалымы ретінде есімі ерекше аталды.

Гибратты ғұмыр кешіп, соңына өнегелі жол қалдырған, зерделі шәкірттер тәрбиелеген Темірғали Әбілдаұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын!

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда
2024 жылғы 19 тамыз

РЕСМИ

Бизнестің бірегей бағдарламасы

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойған тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға арналған кешенді бағдарламаны әзірлеп, қабылдады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлікті дамыту саласында мемлекет жүргізіп отырған саясаттың қазіргі күн тәртібі мен бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру қажеттігін ескере отырып, жаңа бағдарлама аясында тиімді жобаларға қолдау көрсету көзделген. Сонымен қатар, жаңа жобаларды субсидиялау үшін бюджетті бөлу негізінде өңдеу өнеркәсібі саласындағы (шамамен 50%) кәсіпорындар арасында жүзеге асырылады. Сондай-ақ, бюджетке түсетін жүктемені азайту үшін қызмет көрсету саласындағы жобаларды субсидиялау мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылды. ШОБ жобаларын субсидиялаудың сараланған әдісі қарастырылған, бұл кезең-кезеңімен нарықтық жағдайларға көшіруді көздейді.

Субсидиялауға жататын жекеменшік қызмет салалары онлайландырылды. Несиелер бойынша кепілдік беру құралы кеңейтілді, атап айтқанда, кепілдіктер сомалары ұлғайтылды, бизнес субъектілеріне 1 млрд теңгеден асатын несиелер сомаларына нарықтық шарттар бойынша кепілдік алу мүмкіндігі берілді. Бұған қоса, бағдарламала мемлекеттік қолдаудың баламалы құралы ретінде синдикалталған несиелеу қарастырылған, ол бір мезгілде бірнеше банк арқылы 15 млрд теңгеге дейін ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді. Облигациялық қарыздар беру шарттары едәуір кеңейтілді. Мәселен, эмитент-кәсіпкер облигация шығару кезінде купондық сыйақы мөлшерлемесіне субсидия алып, 5 жыл мерзімге дейін 6% мөлшерлеменен 5 млрд теңгеге дейін қаржыландыруды тарта алады.

Быылғы 6 айда жаңартылған бағдарлама аясында субсидиялар мен кепілдіктер түріндегі қолдау шараларымен Қазақстанда шамамен 14 мың бизнес жобасы қамтылды: субсидиялау бойынша – 566 млрд теңгеге 8 624 жоба, кепілдік беру бойынша – 178,9 млрд теңгеге 5 381 жоба. Жақын арада өндірістің технологиялық күрделілігіне қарай мемлекеттік қолдаудың сараланған тетіктерін енгізу жоспарлануда. Жоғары технологиялық дайын өнім шығаратын кәсіпкерлер үшін қолдау шаралары ұзақ мерзімге арзандатылған несиелер беруді қамтитын болады.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 526.42

•USD/KZT 478.91

•RUB/KZT 5.38

•CNY/KZT 66.18

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 тамыз, 2024 жылғы дерегі бойынша



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Құрылысшылар құрмет төрінде

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Құрылысшылар күніне орай отандық құрылыс саласындағы жемісті еңбегі, еліміздің инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар құрылысшылар мемлекеттік наградалармен марапатталған болатын.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, 4 азамат «Парасат» орденінің және 36 адам «Құрмет» орденінің кавалері атанды. 40 жұмысшы ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, 72 құрылысшы «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды.

Марапатталғандар қатарында қарағандылық құрылысшылар да бар. Мемлекет басшысының мемлекеттік марапатын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табыс етті.

– Құрметті құрылысшылар, біз сіздердің баршаңызды құрметтейміз! Мемлекет басшысы арқашан өз қызметіне адал, еңбек адамдарын мақтан тұтады. Сіздер нағыз еңбек адамдарысыздар. Мерекелеріңіз құтты болсын! – деді аймақ басшысы.

Көп жылғы адал еңбегі мен Қазақстан Республикасының құрылыс саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Құрмет» орденімен «СМК Group» құрылыс компаниясының негізін қалаушысы Медетғали Жахметов және «Оливия» ЖШС директоры Владимир Нефедов марапатталды. – «Құрмет» орденін иеленгеніме өте қуаныштымын. Құрылысшылардың еңбегін бағалап, құрмет білдіргені үшін Мемлекет басшысына зор алғыс айтамын. Құрылыста 20 жыл еңбек етіп келемін. Қарағанды облысының құрылысшыларының атынан да ризашылығымды білдіремін. Елге пайдамыз тигеніне қуаныштымын, – деді Медетғали Жахметов.

ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденіне «Оливия» ЖШС инженері Ирина Капинос, «НС Систе-



ма» ЖШС учаске бастығы Қадыржан Урғанбаев, «Оливия» ЖШС бас инженері Игорь Юн ие болды.

– Мен өз жұмысыммен мақтанамын және жақсы көремін. 30 жылдан астам еңбек өтілім бар.



Біздің жұмысымызға жоғары баға бергені үшін Мемлекет басшысы мен облыс әкіміне алғысымды айтамын. Одан әрі сапаға жұмыс істейміз, кемелділікке ұмтыламыз, – деді Ирина Капинос.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Агропромремстрой» ЖШС директоры Сатыбалды Жолдыбаев марапатталды.

– Марапат – бұл менің ғана жетістігім емес, барлық ұжымның

еңбегі. Біз негізінен әлеуметтік нысандарды саламыз. Атап айтқанда, Бұқар жырау ауданы Ботақара ауылындағы мектеп, Қарқаралы және Абай аудандарындағы спорт кешендері. Әріптестеріме алғысымды білдіремін, – деді Сатыбалды Жолдыбаев.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жол жөндеуде – жаңа технология

Жол жөндеудегі көптеген кәсіпкерлер және климаттың құбылмалылығы жолды сығанақ жүйемен жөндеу жаңа технология болып табылады. Мәселен, Қарағандыда биыл алғаш рет жолдарды жөндеу кезінде мердігерлер жолдың жарылуына жол бермейтін және жол төсемі негізіне жүктемелі біркелкі бөлетін арматуралық жол торы қолданылады. Жол жөндеу барысы аймақ басшысының тікелей назарында.

Сенбі күні облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жөндеу аяқталған учаскелерді тексерді. Алдымен аймақ басшысы Абай көшесінің жол сапасына назар аударды. Мұнда жол жөндеу жұмыстары аяқталған учаскелерді тексерді.

Содан соң Ермағанбет Бөлекпаев Пичугин көшесіндегі

аяқталған учаскені аралап көрді. Биыл бұл бөлікте де күрделі жөндеу жүріп жатыр. Қазіргі уақытта вокзалдан Гоголь көшесіне дейінгі бөлікте асфальт төселді. Гоголь көшесінен «Қарағанды Су» ЖШС-не дейін асфальттың төменгі қабатын төсеу басталды.

«Сонымен қатар, жиектастар,

жарықтандыру тіректері орнатылады. Нөсер кәрізі жабықталды. Барлық жұмыстарды 15 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарлануда», – дейді облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Пичугиндегі жол төсемін жөндеу кезінде қалада алғаш рет арматуралық тор қолданылады. Бұл тәсілді Четская жолында да қолдану көзделуде. Аймақ басшысы жаңа материал, технология тиімділігін көрсетсе, оны басқа жолдарды жөндеуде де пайдалану қажеттігін атап өтті.

Космонавттар көшесінде де жол жөндеуде. Бұқар жырау даңғылынан Гоголь көшесіне дейін асфальттың төменгі қабаты төселген. Жұмысшылар жол төсемін төсеуге Гоголь көшесінен Контрфорс түйік көшесіне дейінгі учаскені дайындайды. Жоба биыл тапсырылады.

Бұдан кейін Ермағанбет Бөлекпаев Бөкетов көшесіндегі автомобиль жолының құрылысының екі учаскесінде болды. Бауыржан Момышұлы мен Әшімов көшелерінің арасында асфальттауға негіз дайындалып, жиектер орнатылды. Жұмысшылар облыстық соттан Сарыарқа көшесіне қарай учаскеде негіз дайындауға кірісті. Дүйсембеков көшесінде (ай-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

налма жолдан Бұқар жырауға қарай) жол жөндеуден кейін ашық, жарықтандыру тіректері желіге қосылған.

Жолды күрделі жөндеу Четскаяда да жалғасуда. «Орбита» шағынауданынан Бұқар жырау даңғылына дейінгі учаскеде асфальттың барлық қабаттарын төсеу жұмыстары аяқталған. Асфальттың төменгі қабатын төселеді. Мердігер жолды биыл тапсыруы тиіс.

Облыс басшысы ведомство басшыларына жолдарды жөндеу сапасын бақылауды, ал, мердігерлерге кестеден қалыс қалмауды тапсырды.

– Мерзімдерді созбақтамаңыздар. Тұрғындар бірнеше жолдың бір уақытта жөндеуіне байланысты қолайсыздықты сезініп отыр. Мүмкін болса, аяқталған учаскелерді дереу ашыңыздар, – деп атап өтті әкім.

Биыл Қарағандыда 128,5 шақырым автожол жөндеуі, олардың нормативтік жағдайдағы үлесін 79,3%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Әлеуметтік төлем тағайындалады

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 198,5 мың адамды құрады. Бұл ретте биыл 148,9 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды. Төлемдердің жалпы сомасы 46,5 млрд теңге. Бұл туралы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге: – eGov.kz порталында авторизациялану;

– «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;

– онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет;

– бір күн ішінде тұрғылықты жеріндегі мансап орталығы (МО) бос жұмыс орындарын ұсынады; – егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс

күн ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге МО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады).

Бұл қызметті онлайн режимінде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады», – дейді министрліктің баспасөз қызметі.

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы мәліметтер болған кезде Еңбек министрлігінің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӘСҚ-тан төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісу үшін мобильді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘСҚ қаражаты есебінен жұмыстан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адамды ол жұмыс іздеген кезінде қолдауға арналған.

Өз тілшімізден

Қамданыс қапы қалдырмайды

«Қыстың қамын жаз ойла». Облыс алағай орақ науқаны мен жылыту маусымына дайындығын пысықтады. Мәселен, биыл 909 мың гектар алқаптан астық жинау жоспарлануда, бұл ретте жаппай егін орағы қыркүйек айында басталады. Аппараттық кеңесте аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев ауыл шаруашылығы техникасын уақытты дайындауды және арзандатылған дизель отынын жеткізуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ, жылыту маусымын ойдағыдай өткізу үшін әрбір басшының дербес жауапкершілігін атап өтіп, қысқы кезеңге дайындыққа ерекше назар аударуды қадап тапсырды.

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы ретте жекелеген шаруашылықтар жұмысқа кірісіп те кеткен. Алағай орақтары туралы аппараттық кеңесте ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов хабарлады.

– Биыл дәнді дақылдар жинау алаңы 909,3 мың гектарды құрайды, оның ішінде, бидай – 766,6 мың гектар. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы құрылымдары 34,9 мың гектар алқапта майлы дақылдарды, 11 266 гектар – картоп, 979,3 гектар көкөніс жинауы тиіс, – деп атап өтті Сырым Бошпанов. – Бүгінде Абай, Бұқар жырау және Нұра аудандарының жекелеген шаруашылықтары егін жинау жұмыстарына қызу кірісті. Алдын ала болжам бойын-

ша орташа өнімділік гектарына 9,8 центнер құрайды. Фермерлер 887,9 мың тонна астық, оның ішінде, 749 мың тонна бидай жинауды жоспарлап отыр. Егістікке 2 мыңнан астам астық жинайтын комбайн шығады. 3500-ден астам техника комбайндар астық жинауға жұмылдырылады. Ал, шаруаларға 15 мың тонна арзандатылған астықты сақтауға арналған сыйымдылықтар да жеткілікті. Олардың барлығы жаңа егін жинауға дайын.

Өз кезегінде аймақ басшысы ауыл шаруашылығы басқармасына, аудан әкімдеріне ауыл шаруашылығы дақылдарын уақытты және қалдықсыз жинауды қамтамасыз етуді тапсырды.

– Егін жинауға қатысатын ауыл шаруашылығы техникасын толық дайындау қажет және арзанда-

тылған дизель отыны уақытты жеткізілуі керек. Астықты қабылдау пункттері мен кептіру амалдары бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындар тәулік бойы жұмыс істеуі тиіс. 2025 жылы отырғызға қажетті тұқым мөлшерін қамтамасыз етіңіздер. Егістіктерді күзгі азықтандыру үшін минералды тыңайтқыштарды сатып алу бойынша алдын ала жұмысты ұйымдастыру керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Осы мерзім аралығында қарағандылықтарға ертерек көмір түсіріп алған тиімді. Аймақта энергия көздеріндегі жабықтарды жөндеу де жүйелі негізде жалғасуда. Барлық станциялар көмір жеткізуге келісімшарттар жасасып, қоймаларға отын әкелу жөндеуіне дайындалуда. Өңір басшысы бағаны көтеру туралы астыртын сөз байласу үрдісі белең алмас үшін сату пункттерін ұдайы бақылауды тапсырды.

Сондай-ақ, жылыту маусымына дайындық барысы туралы қала әкімдері есеп берді.

– Қарағандыда екі жылу электр орталығында 9 қазандық пен 6 тұрбына жөндеу жұмыстары аяқталды. 4 қазандық күрделі жөндеуден



ашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте.

Облыстың энергия көздерінде негізгі және қосалқы жабықтарды жөндеу жалғасуда, көмір мен мазут сатып алынады. Жергілікті қайнар көздер мен халықтың ең негізгі қажеттілігі үшін көмір жинақталуда. Өңір басшысы бағаны көтеру туралы астыртын сөз байласу үрдісі белең алмас үшін сату пункттерін ұдайы бақылауды тапсырды.

Сондай-ақ, жылыту маусымына дайындық барысы туралы қала әкімдері есеп берді.

– Қарағандыда екі жылу электр орталығында 9 қазандық пен 6 тұрбына жөндеу жұмыстары аяқталды. 4 қазандық күрделі жөндеуден

өтіп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыс кесте бойынша жүргізілуде, – деп хабарлады Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов.

– Қалада барлық қайталама гидравликалық сынақтар өткізілді. Қазір анықталған ақаулар жойылуда. 2582 көпқабатты тұрғын үйдің ішінен 1938-і – қысқа дайын. Бірқатар проблемалық үйлер анықталды. Оның нақты саны – 15, бұл үйлер бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысандар үшін сатып алынатын көмірдің сапасын тексеру жөніндегі комиссия құрылды, – деді Мейрам Кожухов.

Биыл үшінші жылу шығару құбырын іске қосу көзделіп отыр. Шамамен 3 шақырым желіні төсеу және қысымын тексеру мен тол-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тыруды бастау ғана қалады. Осы жылы орталық жылытуға үш әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысан және қаланың Пришахтинск бөлігіндегі Шахтерский кентінің 40-қа жуық тұрғын үйі қосылады.

Өңір басшысы басқарма басшылары мен барлық деңгейдегі әкімдердің мойнына жылу беру маусымына дайындық кезінде әр мәселеге дербес жауапкершілік арқалайтынын еске салды.

– Жылумен жабдықтау мәселелері ерекше бақылауда. Сіздердің ерқайсыларыңыз жеке жауап бересіздер. Күзгі-қысқы кезеңге тіршілікті қамтамасыз ету объектілері мен тұрғын үй қорын сапалы даярлауды қамтамасыз ету қажет. Көмірді жергілікті жылу көздеріне уақытты жеткізуді ұйымдастыру керек. Көмірді алдын ала сатып алу туралы халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қажет. Энергетикалық қадағалау департаменті станциялық жабдыктар мен электр беру желілерінің жылу беру маусымына дайындығын ерекше бақылауға алуы тиіс, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сандық технология сапаға қызмет етеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент тапсырмасы аясында соңғы 5 жылда мұғалімдер жалақысы артты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту – әлемдік тенденция қатарына енді. Бүгінгі таңда қалада мектепке дейінгі мекемелердің тапшылығы азайып келеді.

Орта білім беру жұмысы сапалы білім алу үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған. Қазіргі таңда облыстағы 54 колледжде жастар білім алып, біліктілік арттыруда. Биылғы оқу жылында мемлекеттік тапсырыстардың 60%-ы техникалық мамандықтарға, оның ішінде, металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік саласына бағытталған, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кенесте Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың ұстаздарға алғыс білдіріп, білім және ғылым саласының дамуына тың серпін қажет екенін баса айтқан бейнеқұттықтауы назарға ұсынылды.

– Ұстаздар қауымы бас қосатын ауқымды әрі маңызды жиынды пайдаланып, 10 000-нан астам мұғалімдер алдында сіздердің ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектеріңізге алғыс айтқым келеді. Әр адам өзіне білім берген ұстаздарын ерекше қадірлейді.

Биыл Мемлекет басшысы дәстүрлі тамыз конференциясында ұстаздардың мәртебесін көтеру мақсатында білім саласына бірқатар жаңашылдықтар енгізді. Қазіргі таңда «Мұғалімнің мәртебесі туралы» Заң жобасында мұғалімнің сағат жүктемесін



делдету және оқулықтарды оқушыларға таратуды 25 тамызға дейін ұйымдастыру ұсынылды. Мақсатымыз – 3,9 миллион оқушыға қауіпсіз және жайлы жағдай жасау. Жаңа оқу жылын табысты бастау үшін жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуді жалғастырамыз, – деп атап өтті Шынар Ақпарова.

Мамандардың айтуынша, бүгінде Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен 200-ден астам педагог «Біртұтас тәрбие»

талықтары, «Менің бауырым» волонтерлер қозғалысы құрылып, «ДосболLike» – «Достық қолыңды соз» науканы бастау алды.

Білім беру мекемелерінде 2,4 миллион студенттің қатысуымен 22 түрлі әлеуметтік жоба жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында бұл бастамалар жаңа форматта жалғасын табады.

Бағдарламалар қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын және өз елінің дамуына елеулі үлес қоса алатын азаматтардың

Мағжанның айтуынша, мұғалімнің күнделікті жұмыстарды орындауға көп уақыты кетеді. Осы орайда әлемнің көптеген елдері жасанды интеллект көмегімен аналитикалық және статистикалық мәлімет жинауды автоматтандыруға тырысуда. Ірі онлайн мектептер жасанды интеллектке негізделген бағдарламаларды қолданады. Сәйкесінше бұл оқу процесін оқушы мен мұғалімге тиімді және ыңғайлы етуге көмектеседі.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің операциялар, трансформациялар және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі кеңес мүшесі Рашид Белгібаев сөз алып, білім берудегі цифрлық технологияларды талқылады. Жалпы, жиында зияткер жастар робототехника мен жасанды интеллектке негізделген білім берудің әдістері мен тәсілдері жаңа ұрпақты тәрбиелеуге қандай өзгеріс әкелетінін атады.

Жиында мұғалімдер жаңа әдістемелік ұсыныстар әзірлеп, білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындады. Оның ішінде педагог жүктемесін қысқартып, цифрлық жүйеге өту, кәсібіне сай емес қызметтерге тартуға тыйым салу, шектен тыс қағазбастылық пен негізсіз тексерулерді шектеу жайы баса айтылды.

– Шараның мақсаты – цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу жағдайында білім беру жүйесін дамытудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу. Конференцияда дәстүрлі түрде аймақтық білім беру жүйесінің өткен оқу жылындағы жұмысы қорытындыланып, жаңа оқу жылына арналған облыстың білім беру жүйесі жұмысының стратегиялық бағыттары анықталды, – деді Қарағанды қаласы білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім.

Сондай-ақ, тамыз кеңесі аясында өткен цифрлық көрмеде білім және ғылым саласының мамандары облыстың дамуы



қысқарту, беделі мен абыройын қорғау және материалдық жағдайын жақсарту мәселелері қарастырылуда.

Педагог мамандығы – бұл қызмет қана емес, еліміздің болашағын қалыптастыру жолындағы абыройлы міндет. Біз балаларымыздың оқуы мен дамуы үшін ең жақсы жағдайды қамтамасыз етуіміз керек.

2024-2025 оқу жылындағы білім беру жүйесінде бірқатар жаңалықтар енгізіледі. Биыл 536 мың оқушы орнына арналған 302 мектептің құрылысы жүрде. Өткен жылдың қыркүйегінде 250 мың колледж студентінің шәкіртақысы 50%-ға өскен болатын. Ал, биылғы қыркүйекте енді 300 мыңнан астам студенттің шәкіртақысы тағы 50%-ға артады, – деді Ғани Бейсембаев.

Сондай-ақ, облыстың білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Шынар Ақпарова еліміздің барлық мектептерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталып, күрделі жөндеу жұмыстары 280 оқу орнында жалғасатынын атады. Сондай-ақ, робототехника, химия, биология, физика және STEAM-бағыттарға арналған 1 383 пәндік кабинет сатып алу бойынша жұмыстар белсенді жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

– Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының оқулықтармен қамтамасыз етілуі 90%-ды құрайды. Білім басқармаларының басшыларына мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмысты же-

бағдарламасының жаңартылған мазмұны бойынша оқудан өтті. Биылғы оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы алғаш рет енгізілді. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында мектептерде ата-аналарды педагогикалық қолдау ор-

жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған. Мемлекет басшысы атап көрсеткен әділ қоғам құруға, жауапты тұлға қалыптастыруға және прогрессивті ұлтты дамытуға арналған.

Тамыз саммитінде сондай-ақ ROQED



компаниясының директоры Мағжан Қыстаубаев мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін жасанды интеллектпен байланысты жаңартылған білім беру мазмұнына тоқталды.

– Жасанды интеллект – әлемнің талқылауындағы тақырып. XX ғасырдағы жаңа ғылым жайлы Мемлекет басшысы Астанада өткен Digital Bridge форумында айтты. «Бұл салада жаһандық бәсеке өте жоғары. Қазақстан осы үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл – заман талабы» деді.

Жасанды интеллект жұмыстарды алмастыра алады. Бұл орайда «адамзат баласы жұмыссыз қалады» деген күдіктен аулақ болу керек. Адам баласының бойында жасанды интеллект алмастыра алмайтын қасиеттер бар. Соның бірі – адамның миы әрі сыни ойлай алу мүмкіндігі, – дейді Мағжан Қыстаубаев.

на серпін берген, көпшіліктен қолдау тапқан жобаларын таныстырды.

Ұстаздар қауымы ашық әңгіме алаңында ұсыныстарын және жылы лебіздерін білдірді. Жылдағы дәстүр бойынша білім беру саласының қызметкерлері Ы.Алтынсарин және «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды. Үздік ұстаздарға оқу-ағарту министрлігі Құрмет грамотасы, Алғыс хаты тапсырылды.

Айта кетейік, биылғы 1 қыркүйектен еліміздің 7,9 млн білім беру ұйымында 3,9 млн бала білім алады. Осыған орай мектептерді іске қосу мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу үшін барлық қажетті шаралар қабыданбақ.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКЦИЯ

Қажет ашқан қайырым

Еліміз бойынша дәстүрге айналған «Мектепке жол» акциясы Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешітінде де жалғасын тапты.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Облыстың бас имамы Естай Айтұғанұлының ұйымдастыруымен әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылардың 330 мектеп оқушысына сабақ құралдары мен мектеп формалары таратылды.

– Қайырымды істің қай-қайсы да құптарлық. Десек те, нағыз қажетті шақта тосыннан жеткен көмектің орны бөлек қой. «Мектепке жол» акциясына үн қосып жатқан жандар көп.

Міне, осы орайда біз де қала оқушыларының мектепке керек-жарағын түгендеуге сеп болдық. Игі іске атсалысқан жандардың барлығына мың алғыс, – деді Естай Әбдіғали.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖОБА

Маман болмақ — ниеттен

Теміртау жастар ресурстық орталығы Jas Media жобасы бойынша тұрғындарды тегін оқытуды жалғастыруда. Жас теміртаулықтар нарықта сұранысқа ие кәсіпті нәлден бастап, өз портфолиосын құруға дейінгі аралықта менгеріп шығуына мүмкіндігі бар. Ресми құзырлы орындар тараптан деректер тегін оқыту курстарының тоғыз бағытты қамтитынын айтады.

Аялым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, SMM, копирайтинг, журналистика, таргет, мобилография, бейнеоператор, бейнемонтаж, веб-дизайн және графикалық дизайн мамандықтарын тілек білдірушілер осы жоба арқылы толық менгере алады. Жобаға бүгінде қатысушылардың жас шамасы 14 жас пен 35 жас аралығында. Жобада бір мезгілде бірнеше бағытты тандауға болады. Дәрістерді дипломды және арнайы сертификат иеленген оқытушылар жүргізеді. Мұнда теориямен бірге тәжірибе де ескерілген.

Он жеті жастағы Ақгүл Нұрмұратова – курсқа жазылған алғашқылардың бірі. Ол SMM, таргет, журналистика және мобилографияны оқып жатыр.

– Мен бұл курстарды көптен бері оқуға ниет етіп жүрген едім. Тегін оқуға мүмкіндік бар екенін білгенде, бірден жазылдым. Мұғалім де көңілімізден шығады.

Олар әрбір дәріс алушының білімді менгеруіне баса мән береді. Мұнда өз басым жаңа достар таптым. Болашақта сабақ та бергім келеді, – дейді ол.

Оқу аяқталғаннан кейін барлық қатысушылар сертификаттар иеленеді. Жоба жыл соңына дейін жалғасады.



• «JUMYS TAP»

Қайта даярлаудың қайыры

Аймақта «Jumys Tap» жобасы аясында қысқамерзімді оқыту курстарын жүзеге асырып жатқанына біраз болды. Бүгінде оқуды аяқтап, колдарына сертификатын алғандар да бар. Олардың сұранысына қарай облыстық еңбек мобильділігі орталығы мамандары оқыған жаңа кәсібі бойынша жұмыс тауып беруге жәрдемдеседі.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық еңбек мобильділігі орталығы ұсынған дерекке сүйенсек, жоба бастау алған 25 маусымнан 17 тамыз аралығында барлығы 1 872 адам жобаға қызығушылық білдірген. Оның көпшілігі кеңес беру пункттеріне барса, керегін арнайы call-орталық номеріне хабарласып білгендер де жетерлік. Нәтижесінде қысқамерзімді оқыту курстарына жазылған – 1 210 адам. Оның ішінде, мүгедектігі бар 12 адам оқуға ниет білдіргендер қатарында екенін айта кету керек.

Оқыту Қарағанды мен Теміртау қалаларындағы жеті колледж базасында жүргізілуде. Бүгінгі таңда оқу мерзімі он күндік, он бес күндік курстарды аяқтап шыққандар да бар.

Мәселен, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде СММ, таргетолог, мобилография сияқты қысқамерзімді курстарды 49 адам оқып шықты. Одан бөлек, графикалық дизайн және флорист кәсібін оқыған 16 адам сертификат алды.

Курс оқығандардың қатарында осы мамандықты жұмысқа орналасқысы келетіндер де, өздері үшін оқып алғандар да кездеседі. Бұрын оқуға мүмкіндігі болмай жүргендер өз қызығушылығы үшін меңгеруде. Себебі, аталған курстар тегін. Жаңаны білуге деген ынтасы мен оқыту кестесіне сәйкес уақыт тапса болғаны. Олай дейтініміз, бұл курстар тек жұмыссыздарға емес, тұрақты жұмысы бар адамдарға да арналған. Жұмыс арасында уақыт тауып қатысуы маңызды. Мамандар дәл осы себеппен оқытудан бас

тартқандардың бар екенін айтып отыр.

Мемлекеттік үлгідегі сертификат иегерлерінің бірі – 22 жастағы Диана Қарашолақова. Ол курс туралы Instagram әлеуметтік желісінен көргенін айтады.

– Желіден көріп, қызығушылығым оялды. Кеңес беру орталықтары арқылы жазылдым. Графикалық дизайн мамандығы бойынша оқып алдым. Кураторымыз 10 күн бойы осы мамандық бойынша негізгі дүниелерді үйретіп, көмегін аямады, – дейді ол.

Ақбота Баржақсынова да осы курсты аяқтағанын айтты. Осындай мүмкіндік жасағаны үшін алғысын білдірді. Екеуі де игерген білімдерін іске асырмақ ниетте.

Осы мамандықты оқып шыққан он адамның біреуі – мүмкіндігі шектеулі жан. Ақжан Нұрмұқанов – екінші топ мүгедегі. Ол денсаулық жағдайы жаңа білім алуға келергі емес екенін айтып отыр.

– Осындай курсқа қатысқанымна қуаныштымын. Көп нәрсе үйрендім, жаңа таныстар таптым. Көпшілік жағдайда оқу курстарының барлығы ақылы ғой. Мен жұмыс істемеймін. Енді, осы бағытта жұмысқа орналасқым келеді, – дейді Ақжан.

Ақжан секілді тағы 11 адам қазіргі уақытта оқуын жалғастырып жатыр. СММ, бейнемонтаж, сайт жасау бағыттарында екі адамнан, шаштаразға үш адам машықтануда. Одан бөлек, флорист, аспаз, тігінші сынды кәсіпті игеріп жатқандары да бар.

Курстың алғашқы түлектері алған дағдыларын жобаларды ілгерілету, өз кәсіптерін ашу, жаңа клиенттер табу және табыстарын арттыру үшін қолдануды жоспарлап отыр.



Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі директорының IT бойынша оринбасары Жаңабек Шотаев сайт жасау, бағдарламалау бойынша білім беріп жүр. Ол жүргізетін курстың ұзақтығы – бір ай.

– Мұнда бағдарламалау тілі болғандықтан ол күрделірек, сәйкесінше, ұзаққа болады, – дейді Жаңабек Талғатұлы. – Сабақты

аптасына үш рет, арасына күн салмай, қатарынан өткіземін. Жастар да, үлкендер де бар. Әркімнің компьютердегі жұмысты игеру деңгейі әртүрлі. Сондықтан, сабақты жан-жақты өткізуге тырысамын. Топта мүмкіндігі шектеулі екі адам бар. Оларды да назардан тыс қалдырмай, барынша үйрету ниетім бар. Олар да шама-шарқынша тапсырмаларды орындайды.

Мұндай курстардың мүгедектігі бар адамдар үшін айрықша маңызды екені айтпаса да түсінікті. Денсаулығына байланысты қалыпты өмірден шет қалған жандарды әуелі оқытып, кейін жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасау міндеті тұр. Кейбірі «білім игеру – жаңа орта тауып, көпшілікпен араласуға жақсы мүмкіндік» деп санайды. Оның үстіне, біздің облыс мүгедектігі бар адамдардың саны жағынан республикада алдыңғы қатардағы үштікке кіреді. Аймақта тұратын 55 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адамның 30 мыңға жуығы жұмыс істей алатын жаста. Жұмыспен қамтылғандары 10 мың адамнан сәл асады. Яғни, қалғанын денсаулық жағдайына қарай жұмыспен қамту – негізгі міндеттердің бірі. Оны орындауда осы «Jumys Tap» сияқты жобалардың үлесі зор.

Жобаға қатысу мүмкіндігі әлі де бар. Оған ресми тіркелген жұмыссыздар, тіркелмеген жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, сондай-ақ, студенттер мен зейнеткерлік жастағы адамдар да қатыса алады. Сонымен қатар, бұл қосымша кәсіпке ие болғысы келетін немесе жұмыс орнын ауыстырғысы келетін жұмыс бар адамдар үшін таптырмас мүмкіндік. Негізгі жұмысынан шықпай да жаңа кәсіпті меңгере алады.

«Таир», «Ұмай» сауда орталықтарында, Пришахтинскідегі «Ежик» дүкенінде, сонымен бірге, Теміртаудағы кеңес беру орталықтары жұмыс істеп тұр. Облыс халқының 80%-ы Қарағанды және Теміртау қалаларында шоғырланған. Әрі қала құрушы кәсіпорындар мен шағын орта бизнес өкілдері осы аймақтарда. Сондықтан, жеделдетілген курстар ірі кәсіпорындар мен бизнес өкілдерінің еңбек нарығындағы сұранысы бойынша ұйымдастырылып жатқанын да айта кету керек.

Қазіргі таңда білім алып жүргендер баршылық. Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінде аспаз және кондитер мамандықтарына 13 адам, Қарағанды технология және сервис колледжінде тігінші және шаштараз мамандықтары бойынша 38 адам, сондай-ақ, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі қабырғасында 17 адам сайт жасаушы және электрғаздәнекерлеуші мамандықтары бойынша курстан өтіп жатыр. Бейнемонтаж мамандығы бойынша оқыту осы колледжде бүгіннен басталды. Оған жазылған 22 адам жаңа мамандықтың қыр-сырын үйренетін болады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Дәрі өндірісі дамуда

Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша елімізде отандық фармацевтикалық өндіріс көлемі 95 млрд теңгені құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда өсім көрсеткіші 14,5%-ға артқанын жеткізді.

Бүгінгі таңда 4 мыңға жуық фармацевтикалық өнім жеткізу бойынша 35 отандық өндірушінің қатысуымен ұзақмерзімді 94 шарт жасалды. Жыл соңына дейін тағы 24 отандық өндірушімен шарт жасалмақ. Сол арқылы 1 412 дәрілік зат пен медициналық бұйымдар жеткізіледі жеген жоспар бар.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар сатып алу кезінде отандық өндірушілерге басым түрде қолайлы жағдай жасалды. Соның нәтижесінде, биылғы 6 ай қорытындысы бойынша 29,5 млрд теңге көлемінде 196 дәрілік зат түрі жеткізілді», – деп мәлімдеді Ақмарал Әлназарова.

Елімізде дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған кең таралған аурулар тізімінің негізінде басымдық беретін дәрілік заттар тізімін әзірледі. Нәтижесінде, 283 дәрілік зат іріктеліп алынды. Бүгінде аталған тізімдегі 107 дәрілік зат (37,5%) ел аумағында өндіріледі. Алдағы уақытта қалған 178 дәрілік зат (62,5%) өндірісін жүргізу басымдығына ие болады.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандарын жобалау және салу кезінде отандық өндірушілердің медициналық техника өнімдері міндетті түрде енгізіліп, жарактандыру көрсеткіші 72%-ды құрады. Алдағы уақытта да отандық өндірушілерге одан әрі қолдау көрсету аясында министрлік бірқатар шараларды қолға алмақ. Атап айтқанда, отандық өндірушілердің медициналық техникасын сатып алу үшін «ҚазМедТех» АҚ базасында қаржылық лизинг механизмін қайта енгізу, отандық фармацевтикалық өнімдердің бәсекелестігін арттыру үшін құрамында спирті бар өнімдерді шығару кезінде пайдаланылатын этил спиртіне қосымша акциз төлеуден босату, мемлекеттік сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесі неғұрлым жоғары отандық тауар өндірушілер үшін жеңілдік тетігі сынды шаралар қарастырылуы.

Өз тілшімізден

Ем алу жеңілдейді

Емханалар мен стационарлардағы медициналық көмекке қолжетімділікті арттыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі халықаралық стандарттарға сай диагностикалық рәсімдерді онтайландыру жұмыстарын жүргізді. Бұл жоспарлы түрде ауруханаға жататын науқастардың «жұмысын» айтарлықтай жеңілдетеді.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен жаңа стандартқа сәйкес бірқатар зертханалық аспаптық зерттеулер нәтижелерінің жарамдылық мерзімі 10 күннен 14 күнге дейін, 1 айдан 6 айға дейін ұзартылды. Бұл ауруханаға жату дайындық үдерісін айтарлықтай қысқартуға сеп. Жалпы тізімде стационарлық жағдайда науқастарды емдеуге қажет негізгі 13 зерттеу анықталды.

Диагностикалық рәсімдерді стандарттау мен онтайландыру қажетсіз шығындарды, халықтың қалтасынан шығатын ақшаны азайтуға бағытталған. Ол өзгерістер медицина ресурстарын тиімді пайдаланып, жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Балабақша көбейеді

Республика бойынша алғашқы «Sabidamu виртуалды балабақшасы» онлайн-платформасы өңірде іске қосылды. Бұл ата-аналарға балаларын ерте дамытуға көмектесетін сапалы әдістемелік материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Онлайн-платформада баласы балабақшаға бармайтын ата-аналарға арналған бейне, аудио, ертегілер, тесттер, түрлі тапсырмалар мен материалдар топтасады. Веб-нұсқа мен мобильді қосымша әзірленуде.

– Жүйе балалардың жасына сәйкес әртүрлі контент әзірлейді. Балабақшаларда жинақталған тәжірибені онлайн форматқа аударамыз. Сондай-ақ, біз логопедтердің, психологтардың жұмысын автоматтандырып береміз. Ата-аналар сұрақтар қоя алады, – деді Sabidamu платформасын әзірлеумен айналысатын «Өрлеу» компаниясының басшысы Фарида Ақшолбақова.

Қарағанды облысында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейі артып келеді. Өткен жылмен салыстырғанда биыл 82,6%-дан 84%-ға дейін өсті. Биыл 1 107 орын ашылды. Өңірдегі 404 мектепке дейінгі ұйымға 35 мыңнан астам бала барып жүр.



– Мектепке дейінгі орындарды қамтамасыз ету көп жағдайда жеке инвестицияларды тарту есебінен шешіледі. Жаңа орындардың 72%-ы жеке ұйымдарда ашылды. Қажеттілікті қамтамасыз ету үшін үлгілік мемлекеттік балабақшалар салу қажет, – деді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Басқарма басшысы Қарағандыда алты

жекеменшік, бір мемлекеттік балабақша салынатынын айтты. Сонымен бірге, мемлекеттік балабақша Приозерек қаласында да бой көтеретін болады. Теміртау қаласындағы бұрынғы денсаулық сақтау бөлімінің ғимаратында 200 орындық балабақша ашу үшін оны білім басқармасының балансына беру рәсімдері жүріп жатқанын жеткізді.

DIGITAL
KAZAKHSTAN

Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма?..

(Жалғасы. Басы №92 санында)

Сен бәрін он бір буынмен алыпсың. Ария, дуэт, хор, речитатив, терлет дегендер болады. Соның бәрін нақтылау үшін оқы, сұрастыр. Мәскеуде жүрсің ғой. Ленин кітапханасына, театрларға бар. Өз көзіңмен көріп, өз құлағыңмен тыңда, ізден», – деп жазыпты сол хатында. Жалпы, операның қалай жазылатынын қысқаша түсіндірген. Мен ағамның ақылын ескеріп, бірталай іздендім. Ақыры, алдында жазған нұсқамды қайта қарап, бірталай қысқартып, поштамен қайта салып жібердім. Сөйтіп жүргенде, 1966 жылы оқуымды тәмамдап, елге келдім. Алматыда пәтер жалдап тұрдым. Сыдық ағам сол уақытқа дейін «Жұмбақ қыздағы» Адақтың, Нәзіктің, Абылайдың арияларын жобалап қойыпты. «Өзің жазған либреттода бәрі дұрыс, бірақ өзгертулі қажет ететін тұстары бар. Нәзіктің ариясын жазу керек. Соған отырсақ қалай қарайсың, уақытың бар ма?», – деді маған. Уақытым неге болмасын, мен келістім. Нәзіктің ариясын жазу оңай болған жоқ. Бір жерде жеті, бір жерде сегіз, енді бір жерінде он он бір буын болуы керек. Он бір буыннан сегіз буынға түсіріп, содан кейін қайтадан тоғыз буын қылып, секіртіп отырады. Мұның бәрі операда арияның орындалуына ырғағына байланысты екен. Ырғағына сөз ұйақтары мен буын саны дәл келуі керек. Музыкасымен салыстырып отырып, келген сайын соны түзетумен алысам. Қиын, енді. Өзіне де, өзеге де талап қойғыш адам ғой. Бір күні мына жері, екінші күні ана жері ұнамай қалады. Кей тұсында мотиві ұнамайды. Қайтадан жаз дейді маған. Бір Нәзіктің ариясын бір айда он үш рет жазды. Он үш рет! Он үш нұсқа. Содан кейін Адақтың ариясына көштік. Оның да сегіз вариантын жасадық. Өзі орындап шығады да, әндердің әуесін басқаша түзетіп, қайта жазады. Өйтпей, оны да бітірдік. Соның да Абылайдың ариясына кірістік. Оның да алты вариантын жасадық. Сонда үш ай уақытым тек қана осы үш арияны дайындаумен кетті. Өз-өзіме бұдан былай либреттоға жоламамын дедім іштей. Басқа авторлар либретто жазудан неге қашып жүреді десем, оның осындай махабатына шыдамайды екен ғой. Мен бұл қиындықты ең басынан сезінгеніммен, ағам айтпа алмаймын. Үндемеген соң, ағам менің ішкі ойымды қайдан білсін, былай түзейсің, былай жасайсың дейді де, отырғызып қояды. Мен басымды ізеп, тапсырмаларын бұлжытпай орындауға тырысам. Ол кезде Ғылым академиясына қарасты Металлургия және байыту институтының лабораториясында қызмет істеп жүргем. Лаборатория меңгерушісі – Асқар Қонаев. Кейін ол осы институттың директоры, одан кейін Ғылым академиясының вице-президенті, президенті болғаны белгілі. Лабораториядағы жұмыстар бастан асады, күні бойы сол жақтағы қызметімді атқарам да, кешке қарай ағамның опералық шығармалары бойынша тапсырмаларын орындауға отырам. Ол уақытта Алматының «Тастақ» шағын ауданында бір орыстың үйінде бөлме жалдап тұратын едім. Үйде телефон да жоқ. Сыдық ағам арасында телефон тауып, өзім қоңырау шаламын. Көрсету, ақылдасу қажет болып жатса, ағам үйіне немесе жұмыс орнына шақырады. Барған сайын ана жерін айт, мына жерін бұйт деген жаңа тапсырмалар алып қайтам.

Не керек, бір жыл уақытым сонымен кетті. Өйтпей, бітірдік. Енді, дайын өнер туындысын қабылдау болуы керек. Қабылдау болардан бір күн бұрын Сыдық ағам маған: «Күшіңде таланған өмірбақи қорқақ болып өтеді. Сондықтан, қабылдауға қатысты пікірталастар кезінде сен үндеме. Не көрсем мен көрейін, ұрысса – маған ұрыссын, таяқ жесем – мен жейін», – деді. Маған жаны ашып, келешегімді ойлағаны болар. Жас басыммен талауға түсіп, меселі қайтып қалмамын дегені ғой. Және бұл тарихи тақырыпқа жазылған тұңғыш туынды болатын. Абылай хан туралы операны сахналамақ түгілі, ол туралы сөз айтуға да болмайтын кез. Қазақстан орыспен арақатынасы, қалмақпен соғысы туралы ашық айтылмайды. Ол кезде қалмақты қалмақ емес, ойрат деп сипайылау болмады. Арамызда қалмақтар бар. Ашық айтсаң, ұлттар достығына сына қағу болып есептеледі.

Сонымен, операны қабылдайтын күн де жетті. Талқылауды өткізуге Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Имашевтің өзі келді. Опера және балет театрында өткен жынға Орталық комитет пен Мәдениет министрлігінің лауазымды тұлғалары, зиялы қауым, шығармашылық адамдары, жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Жаңа операмызға орыс тілді қазақтардың өзі қарсы шықты. Керемет қойылымның ұлттық қырларын С.Имашевтің өзі жақтырмай отырды. Қарсы сөйлегендердің уәжі сол – ескі заманды уағыздайды, орыс халқына қарсы насихат бар дейді. Операның екі жүз адам бірдей айқайлап: «Жаса Тәңірім, Абылай!» – дейтін тұсын айтып, «Бұл неғылған сұмдық! Ханды мақтайтын заман болған ба сонда? Сонда біздің халқымыз қайда қалады? Халықтың қапқан сорған ханды сахнадан айқайлатып мақтап отырмыз. Бұл біздің қазіргі идеологиямызға қарсылық. Біз достықты жырылауымыз



Сыдық Мұхамеджанов зайыбы Қалдыгүлмен

керек. Сондықтан бұл қабылданбайды», – деп шорт кесті. Сөйтіп, дайын операны бірінші күні қабылдамай тастады. Сыдық екі рет шығып сөйлесе де, оның сөзіне құлақ аспады. Бір жұмдан кейін екінші талқылау болды. Қойылым тағы қайталап көрсетілді. Көріп, тыңдап отырғанда еш артық-кемі жоқ сияқты. Осы жерде Лияс Есенберлин, Тахауи Ақтанов, Қалижан Бекхожин сияқты қазақ туындысын бағалай біледі-ау деген қаламгерлер де болды. Бәрі де қойылымды тамашалау барысында: «Керемет, дұрыс, керек дүние», – деп отырды да, жеме-жемге келгенде не қолдап, не қарсылық білдіріп бір ауыз сөз айтпады. Бұл күні қабылдауды қолдағандар мен қарсы болғандар екіге жарылып, итғышы болды. Араға он шақты күн салып, үшінші қабылдауға келдік. Өткен жолы қатысқандардың бәрі жиналды. Тағы да сол дау-ламай. Қазақша операны талқылаған жын орыс тілінде өтіп жатыр. Ақыры шыдамай кеттім де, «Саттар Нұрмашевич, маған неге сөз бермейсіз? Опера музыкасының авторы – Сыдық Мұхамеджанов, либреттоның авторы – мен, Софы Сматевпын. Қазір музыкасын емес, мәтінін, либреттосын талқылап отырмыз. Маған сөз беріңізші!», – дедім орысшалап. Сөз берді.

Саттар Имашевтің өзіне қарап тұрып бірден:

– Айтыңызшы, сіз Москваға барғанда,

– десті. Сөйтсем, үшеуінің де тарихи тақырыпқа жазып жүрген кезі екен. Сол кезде І.Есенберлиннің қоржынында «Қаһар» романы, Т.Ақтановта «Ант» драмасы, Қ.Бекхожинде тарихи өлең-поэмалары бар. Өздері бір ауыз сөз айтпай, ортада мені шырылдатып қойған ағаларға реніштімі жасырмай айттым. «Аты бар, атағы бар адамсыздар, неге үндемей қалдыңыздар?! Мен сөйлемегенде, Абылай хан тақырыбы жабық күйінде қалар еді ғой!», – дедім.

Осы жерде менің Мәскеуде оқып, үлкен орта көргенім септігін тигізді, әлбетте. Одақ астанасындағы орта неғұрлым ашық, біздегіден көш ілгері. Елде оқыған жас болсам, ұяңдық танытып, үнім шықпай қалар ма едім... Сөйтіп, әйтеуір, операмызды қабылдадық.

– Операны қабылдағаннан кейін Сыдық аға қандай күйде болды?

– Ол кісі де қатты қуанды. Сыртқа шыққаннан кейін: «Әй, Софы! Сенің Мәскеуде оқығаның мұнша жақсы болар ма? Әнеуегі ортаға сені шығарсам, бұлар талап тастайды ғой деп қауіптеніп едім. Жоқ, сенің осындай логикаң бар екен. Ерледің, Мәскеуде оқығаныңды білдірдің!», – деп арқамнан қақты.

Сонымен, премьерә болды. Алғашқы қойылымға келген көрерменнің қарасы қалын. Өнерге сусап жүрген халық қой, енді. Оның үстіне өз тарихымызды айта

кезімнен, он жеті-он сегіз жасымнан бауырына тартты. Солай кетті өле-өлгенше. Мені өзінің туған інісі Дәулетханнан артық көрмесе, кем көрген жоқ. Мен «Елімай» атты романымызды баспаға 1970 жылы тапсырған болатынмын. Содан сегіз жыл жатып, тек 1978 жылы зорға дегенде жарық көрді ғой. Сол аралықта Сыдық ағаммен бір әңгімеде жағдайымды айтып едім, «Әй, сенің ол романың Есенберлинде», – деді ол. Ол кезде І.Есенберлин – Жазушылар одағының бірінші хатшысы, екінші хатшы – Әнуар Әлімжанов. Екеуінің де осы тарихи тақырыпқа жазып жүрген кезі. Үшеуіміздің тақырыбымыз ұқсас. «Олар сенің романыңды шығармайды», – деді ағам. – Сондықтан, сен сол жазғаның мен қолда бар деректеріңді екеуіне бөліп бере салсайшы, олар өз жазғандарымен қосып, неғұрлым толық дүние жасасын». Мен шыр-пыр болдым. «Неге берем жазған нәрсеңді?! Мәскеуде жылдап жүріп тырнақтап жинаған материалдарымды соларға ұстаып қоя беруім керек пе? Сонша сабылып, Қазақстанның түкір-түкірін біресе бензовозбен, біресе мотоциклмен аралап, деректер жинап, суретке түсіргенім басқа бір жазушылардың қажетін өтеу үшін бе?!». 1978 жылы кітабым әйтеуір жарық көргенде бір данасын Сыдық ағамға өз қолыммен апарып бердім. Оқып шыққаннан кейін сөйлескенде: «Әй, Софыжан, мен баяғыда саған дұрыс ақыл бермеген екем. Туындының оқып шықтым, Есенберлиннен де, Әлімжановтан да батыл жазған екенсің. Баяғы сөзім есінде болар, соным дұрыс болмаған екен, нәліктен солай дегенімді өзім де білмей отырмын. Сол кезде менің сөзіме көнбегенің дұрыс болыпты, – деді.

– «Елімай» романын оқырмандар қалай қабылдады?

– Роман кітап болып баспадан тек 1978 жылы шықты дедім ғой. «Елімайдың» бірінші кітабы оған дейін, 1976 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған болатын. Оқырмандардан осы романға қатысты бес жүзге жуық хат келді. Редакцияға өз аяғымен келіп, ризашылығын білдіріп кеткендер қаншама! Бәрінің ортақ бір сауалы: «Елімай» кітап болып қашан шығады?». Жазушылар одағында жиналыс, пленум өткен сайын Әзілхан Нұршайықов сияқты қаламгерлер дауыс көтеріп, «Неге шығармайсыңдар, халықтың тарихы ғой?!», – деп жүрді. Сөйтіп, бірінші кітабым журналға шыққанда көпшілік ырза болды. Сыдық



Сыдық Мұхамеджанов отбасы және туыстарының ортасында

Александр Бородин сахналаған «Князь Игорь» операсын көрдіңіз бе?

– Көрдім, – деді С.Имашев. – Бір емес, екі рет көрдім.

– Сонда қышпақтардың арасына түсіп қалған князь Игорь: «Дайте, дайте мне свободу!», – деп айқайлайды ғой. Сол кезде жан-жағынан үш жүз адам бір ауыздан: «Славься! Славься!», – деп дүниені жаңғырықтырады. Өзінің көрдім деп отырсыз, орыстың князь Игоріне Мәскеудің Үлкен театрында үш жүз адам айқайлап қошемет жасайды. Ал, біздің қазақтың ханына сөйтіп «Жаса тәңірім, Абылай!» десе, ол неге қарсылық болады? Князь Игорді мадақтап, қошеметтеп тұрған оның замандастары. Абылай ханды қоллашпаған да сіз бен біз емес, Саттар Нұрмашұлы, оның замандастары», – дедім. Осы жолы С.Имашев өзі де қабылдағысы келіп отырған болуы керек, бірден: «Ну, товарищи! Он же прав, этот молодой человек! Оказываются их прославляют их же современники, не мы с вами, не русские находимся сейчас в Москве в России, а их современники. Давайте поддержим», – деп күлді. Содан кейін басқалар да: «Правильно, правильно говорят», – деп қостай жөнелді. Опера қабылданғаннан кейін Лияс Есенберлин, Тахауи Ақтанов, Қалижан Бекхожин үшеуі мені кезекпен келіп құшақтап, құттықтап жатты. «Әй, қарағым, жақсы болды, жақсы болды. Жолымызды ашып бердің ғой. Тарихи тақырыпқа енді жазуға болады»,

алмай бұлығып жүрген кезіміз. Абылай ханның аты аталып, сахналық образдың тұңғыш рет көрінуі көпшілікке қатты әсер етті. Өзің білесің, 1948-1953 жылдар аралығында әлемді комсомолитизм идеясы кезіп жүрді. Бұл елдің санасын ұлап, ұлттық құндылықтарға қауіп төндіретін саясат. Содан бері де он бес жылдай ғана уақыт өткен еді. Кейін тарихта «Хрущевтің жылымығы» деген атпен қалған аралықта сталиндік заманның үрейі ақырындап сейіліп, шығармашылық адамдары да жазу еркіндігін сезіне бастап еді.

Премьерәдан кейін шағын банкет болды. Құттықтап келушілер кіріп-шығып жатыр. Мен есік жақтағы бір орында отыр едім, осы операның қоюшы-режиссері Құрманбек Жандарбековпен бірге отырған ағам шақырып: «Кел менің қасым», – деді. «Автор осы екеуіміз, – деді Құрманбек ағаға. – Осы баланың арқасы». Үшінші талқылауда Құрманбек те сөйлеген еді, алайда оны ешкім тыңдамады. «Жасаған нәрсенің жарқ ете қалғанын жақсы көріп тұрасың, бұл сенің шаруаң емес», – деген сөз естіді.

– Ал, енді, Сыдық аға өмірде қандай адам болды?

– Сыдық аға өте түйік жан еді. Кез келген адаммен жақын араласып кету дегенді білмейді. Көңілі бір қалған кісіге құшағын да, есігін де ашпайды. Ал бір көңілі түскен адамды өмірбақи жақсы көріп өтеді. Мені, неге екенін білмеймін, жас

ағам да: «Сенің жазушылығыңның мықты екенін көрдім, сендім. Шынында да сенің прозаң поэзияңнан басымрақ екен», – деп арқамнан қақты. Ол әдебиетті де, әдеби ортаны да жақсы білетін. «Сен ана пәленшенің деңгейіне көтерілдің. Мына жазғаның «Абай жолына» жетеқабал дүние, оқып шыққандар айтып жүр ғой. «Есенберлиннің «Қаһары» оқыдық, романның жалпы идеясы мен композициясы демеу, онда мынадай тіл жоқ. Сен осы туындымен көп жазушылардан асып түстің», – деп мені қоллашпап, көтермелеп отырар еді. Мен «Елімайды» жиырма тоғыз жасымда жазып бітірдім ғой. Сол 1970 жылы қолжазбамды баспаға тапсырдым. Содан сегіз жыл өткенде әрең шығарды емес пе. Сөйтсем, Әбдіжәміл Нұрпейісов жездесі, сол уақыттағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Имашевқа, күйеу баласы, Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Шернәзден Елеуеновке, жерлес інісі, «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаевқа қалай да өткізбеуді тапсырып қойыпты. Ш.Елеуенов пен Ә.Жұмабаев: «Орталық Комитет қарсы болады», – деп сырақтайды. «Әй, сен осы жерде соны шешу үшін отырған жоқсың ба?!», – десем, әрнені сылтаурауып, әйтеуір жолатқысы келмейді. Содан салып ұрып Орталық Комитетке, Саттар Имашевтің өзіне бардым. Осылай да осы-



лай, менің жаңа романдымды оқыдыңыз ба деймін ғой, бағы. Қайдан оқысын? Оқымаған. «Оқымай тұрып қалай қарсы боласыздар?», – деймін шүйлігіп. «Әй, қарағым, сен өзің жап-жас екенсің, – деді С.Имашев. – Өзің инженер-металлург көрінесің. Сен неге еңбек адамдары туралы жазбайсың? Ешқандай кедергі жасамай, шырқыратып тұрып шығаратын едік. Еңбекшілер туралы тақырыпқа жазсаңшы. Қайтесің сол тер сасыған ескі дүниеге тон кигізіп?! Ескілікке неге сонша жүгіре бересің?». Идеологияның басында отырған кісінің мына сөзіне не дерімді білмедім...

Қолжазбамды бастаға тапсырғалы жеті жыл өткен. 1977 жыл. Ол кезде партия мүшесі, жазушымын. «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, кәсіподақ төрағасымын. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Андрей Павлович Плотников деген болатын. Бір күні сол кісіге телефон соғып: «Коммунист Сматевпын, маған бес минут аудиенция беріңіз», – дедім. Ол кейбіреулер құсап тұлкібұланға салған жоқ. «Бүгін сағат үште келе қойыңыз», – деді бірден. Ол уақытта кіреберісте көрсететін рұқсат қағазы деген жоқ, партбилетпен өте беруге болады. Қазіргідей темір қоршау, турникет дегендер болмайтын ол кезде. Орталық комитеттің ғимаратына коммунист екеніңді растайтын партбилетіңді көрсетесің де, кіре бересің. Кіріп, хатшысына: «Мені сағат үшке шақырған», – деп едім, «Өзі шақырса, кіре беріңіз», – деді ол. Кабинетіне кірсем, төрде отыр екен. Бұрын бір-бірлімізді көрмегенбіз. Романыма Шыңғыс Айтматовтың жазып берген алғысөзін, журналымыздың екі санын өзімнен бірге ала келгем. Үстеліне жақын келдім де, партбилетімді шығарып, алдына бір-ақ ұрдым.

– Что вы делаете, молодой человек?!, – деді ол екі көзі шарасына шыға жаздап. Орысша сөйлеп бердім дейсің.

– Пожалуйста, вычеркните меня из состава коммунистической партии Советского Союза!..

– Неге? – дейді ол ештеңе түсінбей.

– Өйткені, менің жазған кітабымды жақтырмайтын болсаңыздар, жарамсыз болса, сіздердің баспадан шығаруға лайықсыз болса, мен өзім де коммунист болуға жарамаймын!

– Фамилияңыз қалай?

– Сматев. Менің қолжазбамды жаңа басылымдар тізімінен сызып тастап келе жатқандарыңызға сегіз жыл болды! Мен не жаздым, себеп қандай, айтыңызшы осы жерде?!..

Қарап отырды да: «Сматев... Мұндай фамилияны бірінші рет естіп отырмын», – деді. Негізі, басуға жіберілетін қолжазбаларды осы бөлім қарайды, сызса, осылар сызады. Ал мына кісі бөлім басшысы бола тұра, тіпті фамилиямды да естімеген. Содан кейін:

– Романыңыздың қолжазбасы қайда енді? – деді.

– Осы бөлімде жатыр. Пәленшесевке (фамилиясын ұмытып қалдым) оқуға берілген.

– Қашан бердіңіз?

– Бес жыл бұрын.

– Жауап жазып па едіңіз?

– Жоқ.

– Қазір бұйрық шығарамын, сіз жұмыстан боссыз. Бар кетіңіз!..

Өлгіні қуып жібергеннен кейін тағы бір қызметкері Болат Бодаубаевты шақырды. Оған:

– Қолжазбаны ал да, тезірек оқып, бір айдың ішінде жауап бер, – деді.

– Мен оны оқығам, – деді ана кісі.

– Қалайша?

– Өте жақсы қолжазба, жақсы материал.

– Онда маған неге ештеңе айтпадыңдар?

– Жауапты адам айтқан болар деп ойладым, ол маған жай оқуға берген. Плотников телефон тұтқасын алып, Әбілмәжін Жұмабаевқа қоңырау шалды. Біз қасында естіп тұрмыз. Мәселеге төтесінен кірісті.

– Сіз Сматевты білесіз бе?.. Оның кітабын неге сегіз жыл бойы шығармай отырсыздар? Орталық Комитет қарсы болады деген не сөз?.. Мен бұл кісіні бірінші рет көріп отырмын ғой, неге өйтесіздер?!..

Ар жақтағы дауыс әлдене деп ақталып жатты. Мына кісі оның сөзін тыйып тастады.

Әңгімелескен

Қайрат ӘБІЛДА

(Жалғасы бар)

Суреттер автордың жеке архивінен

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ****ЖЕДЕЛХАТ**

Әйгілі ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Темірғали Әбілдаұлы Көкетаевтың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамын.

Темірғали Әбілдаұлы саналы ғұмырын ғылымға арнап, осы салада ірі ғылыми жаңалық ашқан біртуар дарынды тұлға еді. Физика ғылымына сіңірген еңбегі үшін «Ғасыр адамы» атанып, әлемдік деңгейде мойындалды.

Сонымен қатар, ұлт руханиятына, қазақ тілінің қанат жаюына сіңірген еңбегі зор.

Өнегелі өмір жолымен артында өшпес із қалдырған асыл тұлғаның ажары бейнесі, адамгершілік ізгі қасиеті, ұлағатты істері барша жақындарының жүрегінде мәңгі сақталып, ғылыми жолы жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің төрағасы
Ерлан ҚОШАНОВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРІ****ЖЕДЕЛХАТ****ҚҰРМЕТТІ КӨКЕТАЕВТАР ӘУЛЕТІ!**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан және өз атымнан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғалымы, профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Темірғали Әбілдаұлы Көкетаев ағамыздың дүниеден озуына байланысты қайғыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Темірғали Көкетаев 1976 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қатты дене физикасы кафедрасының меңгерушісі болып, өмірі осы университеттен байланысты болды. 1989 жылы физика мамандығы бойынша қазақ тілінде бөлімшелер ашып, мемлекеттік тілде физика ғылымының негізін қалаушыларының бірі болды. Профессор Темірғали Әбілдаұлының жұмыс істеген жылдарында Қарағанды физикасының ең мықты ғылыми мектебі қалыптасты.

Темірғали Көкетаев Ньютон, Резерфордтар секілді ұлы физиктер маңдай терін төккен, әлемде саусақпен санарлық оқу орындарының бірі – Окефордта дәріс оқыған алғашқы қазақ. Тұңғыш қазақ физигі.

Халықаралық биографиялық орталықтың шешімімен дүниежүзілік физиктерінің арасында «XX ғасырдың ғұлама адамы» атанған! Ағамыздың есімі өз ортасында, ел жүрегінде мәңгілік сақталып, орны қашанда бөлек болары анық.

Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын!

Алдағы уақытта тек жақсылыққа жүзесуге жазсын!

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат НҮРБЕК

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ****КӨКЕТАЕВТАР ОТБАСЫНА!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің атынан ұлт жанашыры, ірі қоғам қайраткері, XX ғасыр ғұламасы Темірғали Әбілдаұлының дүниеден озуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Темірғали Әбілдаұлы еліміздегі білім мен ғылым саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан асыл ардагер еді. Жоғары оқу орындарында, ғылыми ортада қызмет атқара жүріп, көптеген игі істерге ұйытқы бола білді, халыққа шынайы қызмет етті. Адамгершілік қасиеттерімен, өнегелі өмірімен соңына өшпес із қалдырды.

Қадірлі ағамыздың иманы жолдас болсын! Оның есімі әріптестері мен дос-жарандарының, шәкірттерінің жүрегінде мәңгілік сақталары анық. Елге жасаған еселі қызметін ұрпақтары ұмытпай, үлгі-өнегесін айта жүреді деп сенемін.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
Ғани БЕЙСЕМБАЕВ

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ**КӨКЕТАЕВТАР ӘУЛЕТІНЕ**

Ардақты Темірғали Әбілдаұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, әулеттеріңіздің орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтамын.

Болған іске болаттай берік болыңыздар. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болғай! Артында қалған отбасына амандық тілеймін!

Астана қаласының әкімі
Женіс ҚАСЫМБЕК

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы мемлекет және қоғам қайраткері, «Ғасыр адамы» атанған ғұлама ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлытау облысының, Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы

Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЕВТЫҢ

өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері, «Ғасыр адамы» атанған ғұлама ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлытау облысының, Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы


Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЕВТЫҢ

өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері, «Ғасыр адамы» атанған ғұлама ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлытау облысының, Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы

Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЕВТЫҢ

өмірден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЕВ

Қазақ ғылымы ауыр қайғыға душар болып, Арқа жұрты қара жамылды. Арқа аспанын мұң торлады. Қазақтың физика-математика ғылымындағы біртуары, саналы ғұмырын білім-ғылымға, мемлекеттік тіл мен ұлттық рух мәселелеріне арнаған біртуар тұлға Темірғали Әбілдаұлы Көкетаев 87 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Темірғали Әбілдаұлы Көкетаев 1938 жылы 25 наурызда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының Жеткіншек ауылында (қазіргі Сәкен Сейфуллин ауылы) қарапайым шаруа Әбілда мен Сақыштың шаңырағында дүниеге келген.

Алғашында 1946 жылы Жеткіншек ауылындағы орта мектепте, кейін Қызылағаш бөлімшесінің бастауыш мектебінде оқыған Темірғали Әбілдаұлы 1957 жылы Алматы қаласындағы №12 казак орта мектеп-интернатын тәмамдайды.

Орта мектептен соң, 1957-1959 жылдар аралығында өз ауылында екі жыл шопан болып еңбек еткен.

1959-1964 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) физика-математика факультетінің физика бөлімінде оқып, оны 1964 жылы тәмамдайды.

Әу бастан ғылымға құштар Темірғали Әбілдаұлы 1964 жылы Эстонияның Тарту университетінде тағылымдамадан өтіп, келесі жылы аспирант атанды. 1970 жылы академик Ч.Б.Луцицкий ғылыми жетекшілігімен Тарту мемлекеттік университетінің мамандандырылған Ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Елге оралған жас ғалым өзі білім алған Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының теориялық физика кафедрасында доцент болды. Кейін ұйымдастырушылық қабілетімен көрініп, физика-математика факультеті деканының орынбасары қызметін де абыроймен атқарды.

1972 жылы Қарағандыда жаңадан ашылған университеттің ректоры, академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің арнайы шақыруымен физика факультетінің қатты дене физикасы кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалып, әріптестерімен бірге университеттің негізін қалауға сүбелі үлес қосты.

Сол кезден бастап, Темірғали Әбілдаұлы Қарағанды мемлекеттік университетімен байланыста өмір сүрді. Әр жылдары физика факультетінің деканы, университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.

Әріптестерімен бірге, Қазақстанда екінші болып ашылған университетіміздің физика факультетінің өрлеп дамуына атсалысқан ағалары Қанапия Мұбаракұлы, әріптестері Жамбыл Сәулбекұлы, Қанат Төлеуханұлы, Сағатбек Дәрібекұлы, Ақылбек Жүрсінұлы

және өзі ашқан кафедра ұжымымен бірге мыңдаған жас шәкіртке ғылым мен білімге жол аша білді.

Темірғали Әбілдаұлының жетекшілігімен ҚарМУ-де бірнеше ғылыми зертхана құрылды. Ғылыми зерттеулерден алынған нәтижелер алыс-жақын елдерде өткен ғылыми конференцияларда баяндалып, талқыланды. Осы зертханаларда ол ғылыми еңбегін жалғастырып, университет қабырғасында өзінің докторлық диссертациясын дайындап, 1988 жылы «Әртүрлі модификациядағы активацияланған иондық кристалдағы люминесценция және электрондық қозулар» тақырыбында Оралдың мемлекеттік политехникалық институтында физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясын сәтті қорғады.

Темірғали Әбілдаұлы жоғары білікті педагог қана емес, ол Қазақстандағы қатты дене физикасының негізін қалаған ғұлама ғалым болды.

Бір үлкен жетістігі – Кембридж университеті жанында құрылған Халықаралық өмірбаян орталығы оған физика ғылымына қосқан жаңалығы үшін «XX ғасырдың ғұламасы» атағын берді. 2002 жылы халықаралық деңгейде «Жыл адамы» атанды. 2007 жылы Оксфорд университетінде арнайы дәріс оқыды.

Білім беру мен ғылым жолындағы еңбектері бағаланып, КСРО космонавтика федерациясының ұшқыш-ғарышкер Ю.Гагарин атындағы медалімен, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері» белгісімен марапатталып, «Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне Еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілді. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы медалімен, «Қазақстандағы нақты ғылымдар бойынша ең көп сілтеме жасалатын авторлар» деген номинацияның I дәрежелі дипломымен марапатталды.

2007, 2018 жылдары екі рет «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды.

Темірғали Әбілдаұлы – Жаңаарқа ауданының, Қарағанды қаласының, Ұлытау облысының Құрметті азаматы. Елінің қоғамдық өміріне белсенді түрде қатысқаны үшін «Замандас-2010» қалалық сайысының жеңімпазы, мемлекеттік тілімізге шынайы жанашырлық танытып, қазақ тілінің өркендеуіне нақты ісімен үлес қосқаны үшін «Тіл жанашыры» құрмет белгісінің иегері атанды.

«Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Президентінің 2022 жылдың 17 наурыздағы Жарлығымен «Құрмет» орденімен наградталды.

Темірғали Әбілдаұлы 500-ден аса ғылыми мақалалардың, 3 монографияның, 6 авторлық куәлік пен патенттің, 10-нан аса оқулықтардың авторы.

Оның ғылыми жетекшілігімен 31 ғылым кандидаты, 2 философия докторы және 8 ғылым докторы диссертациялық жұмыстарын сәтті қорғады.

Марқұмның қайғылы қазасына байланысты Темірғали Әбілдаұлының отбасына, ағайын-туыстарына, барша Арқа жұртшылығына қайғыра көңіл айтамыз.

Жаныңыз жәннатта, тәңізіз рахатта болғай!

Қажырлы қайраткер, тіл жанашыры, ғұлама ғалым Темірғали Әбілдаұлы Көкетаевтың отандық ғылымды дамытудағы ерен еңбегі мен жарқын бейнесі біздің жүрегінде мәңгі сақталады.

Е.БӨЛЕКПАЕВ, А.ТАЙЖАНОВ, Б.АСАНОВ, Е.АЛПЫСОВ, Е.ҚУСАЙЫН, Ә.ӘЛДЕНЕЙ, Е.ҒАЛИЕВ, Н.БИКЕНОВ, Н.ҚОБЖАНОВ, Е.АЙМАҒАМБЕТОВ, РОМАРБЕКОВА, БАЛТЫНБЕКОВ, С.АКСҰҚАРУЛЫ, О.ТӨРЕҒОЖИН, Н.ДУЛАТБЕКОВ

Атың да, хатың да өлмейді, Темаға!

Алтын туы жығылмай, арына дақ түсірмей, Ұлтқа, ғылымға қызмет етіп Темірғали көкем де Алланың алдына қайтты. Арыстандай болып, Ғабдолла ағам кеткенде қабырғамыз қайысып тұрып, теңіздей терең Акселлеу ағам қайтқанда бәліміз майысып тұрып, «Темірғали көкеміз бар ғой» – деп көңілімізді жұбаттып едік. Енді кімге еркелеп, кімге арқа сүйерімізді білмей, көңіліміздің қулазып тұрған жайы бар.

Темағамның бойында біз өнеге тұтқан ұлық қасиеттері мол болатын. Ешкімге ренжімейтін, сыртынан ғайбат айтпайтын.

Біреудің жақсылығына, жетістігіне, өнеріне риза болып, балаша қуана білетін. Ауылдан кіндігін үзбеді, Қызылағашын, Иманайын, Жаңаарқасын тамсана айтып, сағынып отыратын.

Інілерін іздеп, түгендеп жүретін. Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетов секілді алыптардың дәстүрін жалғастырып, өнердің, әдебиеттің, ұлттық құндылықтардың жанашыры, ана тіліміздің жоқтаушысы бола білді.

Енді таудай тұлғасын, даладай көңілін, баладай пейілін сағынамыз.

Соңындағы қара ормандай халқың барда атың да, хатың да өлмейді, Темаға!

Қойшының қоңыр қосында туып, әлемді мойындатқан ордалы ғалым болдыңыз.

Физика ғылымында адамзат игілігіне айналған жаңалық аштыңыз. Ғазиз басыңызды ешкімге иемей, еңсезізді түсірмей, өзгеге ұқсамайтын дара болмысыңызбен кетіп барасыз.

Алланың алдында лидарыңыз жарқын болсын!

Жаратушымен қуанып қауышыңыз, ЖАҚСЫ АҒА!

Аманжол ӘЛТАЙ

Қош болыңыз, Ғасыр адамы!

Өмір парақтарында қайғы мен қасірет атаулының егіз болатыны бар. Қасіреттің ең бір ауыры – қаза. Сол қазаның жеңілі болмақ емес. Төбемізден жай түсірген тағы бір қаралы хабар.

Бүгін елімізде ғана емес, тұтас бар ғаламға «Ғасыр адамы» атанған жерлесіміз Темірғали

Көкетаев ағамыз дүниеден өтті.

Тұңғыш қазақ физигі, Окефордта дәріс оқыған алғашқы қазақ – Темірғали Көкетаев. Ол Халықаралық биографиялық орталықтың шешімімен дүниежүзілік физиктерінің арасында «XX ғасырдың ғұлама адамы» атанған.

Тас түскен жеріне ауыр. Қарағанды қала-

сының әкімі Темірғали Көкетаевтың отбасына және әулетіне көңіл айтады. Иманы саламат болып, соңында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

М.КОЖУХОВ,
Қарағанды қаласының әкімі

Өмірден әлім өтті...

Ойы да, бойы да кең кісі еді. Баспасөзбен сырлас болды. Физика мен математика сынды нақты ғылымдардың ғұламасы болса да, әр саладан, әр дүниеден хабары мол, білімі телегей-теңіз Тұлғаның көзін көрдік, сөзін тыңдадық. «Жақсының аты өлмейді,

Әлімнің хаты өлмейді». Тіршілік дүниесіндегі көпшілігіміздің көңілімізге сол медет. Ханмен тең сөйлесер қарымды, қарамен тең сөйлесер қарапайым болған парасат иесі енді соңына қалдырған мол ғылыми мұрасымен жасайды.

Қазақтың Темірғали Әбілдаұлы Көке-

тайтегі сынды Адамзатқа қызмет еткен ғазиз ғалымды Алла-тағала алдынан жарылап, жаны пейіш нұрына бөленсін! Ардағынан айырылған халықтың қайғысына ортақпын!

Қайрат ӘБІЛДА

Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЙ

Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор, «XX ғасырдың аса көрнекті адамы», тіл жанашыры Темірғали Әбілдаұлы Көкетай 87 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Темірғали Әбілдаұлы Көкетай 1938 жылы наурыз айының 25 жұлдызында Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының Жеткіншек ауылында (қазіргі Сәкен Сейфуллин ауылы) шаруа отбасында дүниеге келген. 1946 жылы Жеткіншек ауылындағы орта мектепте, кейін Қызылағаш бөлімшесінің бастауыш мектебінде оқыды. 1957 жылы Алматы қаласындағы №12 қазақ мектеп-интернатын тәмамлады. 1959-1964 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінде білім алды. Ғылымға құштар жас маман алған білімін ұштастыру мақсатында 1964 жылы Эстонияның жетекші жоғары оқу орны Тарту университетіне стажер ретінде қабылданып, келесі жылдары аспирант атанды. 1970 жылы Темірғали Әбілдаұлы академик Чеслав Брониславович Лушиктің ғылыми жетекшілігімен Тарту мемлекеттік университетінің докторлық диссертациялар қорғайтын мамандандырылған Ғылыми кеңесінде «Мыс және күміс иондарымен активацияланған сілтілі-галлоидтық кристалдардағы люминесценция орталықтарының табиғаты» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Аспирантураны тәмамдап, ойдағыдай қорғап шыққан жас ғалым елге оралған соң Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының теориялық физика кафедрасында доценттік қызметте болды.

1972 жылы Қарағандыда жаңадан ашылған университеттің ректоры, академик Евней Бөкетовтің арнайы шақыртуымен физика факультетінің қатты дене физикасы кафедрасының меңгерушісі болып қызметке кірісті. Келген жылдан бастап өз әріптестерімен бірге университеттің іргетасын қалауға атсалысты. Темірғали Әбілдаұлының одан кейінгі өмірі Қарағанды мемлекеттік университетімен тікелей және үздіксіз байланыста жүрді. Әр жылдары физика факультетінің деканы, университеттің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. Темірғали Көкетайдың жетекшілігімен ҚарМУ-де бірнеше ғылыми зертхана құрылды. Осы зертханаларда ғылыми еңбегін жалғастырып, университет қабырғасында алғаш болып өзінің докторлық

диссертациясын дайындады. 1988 жылы физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Өртүрлі модификациядағы активацияланған иондық кристалдағы люминесценция және электрондық козулар» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғады.

Темірғали Әбілдаұлы жоғары білікті педагог қана емес, ол Қазақстандағы қатты дене физикасының негізін қалаған ғұлама ғалым. Кембридж университеті жанында құрылған Халықаралық өмірбаян орталығы физика ғылымына қосқан жаңалығы үшін «XX ғасырдың ғұламасы» атағын берді. 2002 жылы халықаралық деңгейде жыл адамы атанды. 2007 жылы қазақ ғалымы Оксфорд университетінде арнайы дәріс оқыды.

Білім беру, ғылым жолындағы еңбектері бағаланып, КСРО космонавтика федерациясының ұшқыш-ғарышкер Ю.Гагарин атындағы медалмен, білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталып, «Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілді. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы медалмен, «Қазақстандағы дәл ғылымдар бойынша ең көп сілтеме жасалатын авторлар» деген номинацияның 1-дәрежелі дипломымен марапатталды. 2007, 2018 жылдары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды.

Темірғали Әбілдаұлы Жаңаарқа ауданының, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы. Қазақ тілінің өркендеуіне нақты ісімен үлес қосқаны үшін «Тіл жанашыры» құрмет белгісінің иегері атанды. «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» медалмен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалмен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. ҚР Президентінің 2022 жылдың 17 наурыздағы Жарлығы бойынша «Құрмет» орденімен наградалды. 2022 жылы «Ұлытау облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Темірғали Әбілдаұлы 500-ден астам ғылыми мақаланың, 3 монографияның, 6 авторлық куәліктер мен патенттердің, 10-нан астам оқулықтың авторы. Ғалымның тікелей ғылыми жетекшілігімен 31 ғылым



кандидаты, 2 философия докторы және 8 ғылым докторы диссертациялық жұмыстарын сәтті қорғады.

Ғылымның тұңғығына бойлап, саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған Темірғали Әбілдаұлы ардақ тұтар абзал ағасы Евней Арыстанұлы аманаттап кеткен қарашаңырақта өмірінің соңына дейін ұстаздық қызмет етті. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ұжымы көрнекті ғалым, ұстаз, профессор, «Ғасыр адамы», тіл жанашыры Темірғали Әбілдаұлының отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады. Бақұл болыңыз, Тау тұлға! Жаңыңыз жәннатта болсын!

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті



Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЙ



«Жауынгерлік Даңқ» лентасы мен төсбелгілері сияқты 5 ұлттық жобаны іске асырды.

Республикалық «QAZAQ CLUB» мүшелері клубтың Құрметті төрағасы Темірғали Әбілдаұлы Көкетайдың өмірден озуына байланысты марқұмның әулетіне, жан жары Майра апайға қайғысына ортақтастып, көңіл айтады. Жаратушы иеміз ағамызды алдынан жарылып, рақымна бөлесің!

С.КЕЛДІБАЙ, Е.ҚАЖЫБЕК, С.АҚСҰҢҚАРҰЛЫ, Н.ОШАН, А.ХАЛЕН, Н.СҰРШАҰЛЫ, Е.КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, Ә.ЖУМАН, Д.НҮРКЕЙҰЛЫ, Қ.ӘБДІ, Ж.ИСА, Е.ӘБЛДИН, Н.СМАҒҰЛОВ, А.БӘДЕЛ, С.АРАЛБАЙ, А.ӘУБӨКІР, Н.КӘРІБАЙ және басқалар.

№289

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Қош, қайран ағам!

Қарағандының көшесі – жөңкілген жұрт. Кім келіп, кім кетпеген бұл жерден? Бір кезде осынау шаһардың көшесінде маңдайы жарқырап Әлімхан Ермеков жүрген. Алаш Ордаңның соңғы көзі! Қазақтың алғашқы математигі! Кеулесі толы – Алаш идеясы! Қазақстанды Жапонияның деңгейіне көтереміз деп ойлаған көскерек топтың бірі хәм бірегейі. Бірақ оны өзге тұлғи өз қазығы да түсінген жоқ... Жетпісінші жылдары фөниден бақиға аттанғанда соныңан аз ғана ағайын шығарып салды. Қазақ өзінің соңғы көсемінен көз жазып қалғанын сезбей қалды...

Мұнда Евней Бөкетов те жүрген. Өзі – химик, өзі – лирик. Төбеден қамшы ойнатқан қатыгез совет өкіметі оның да маңдайынан сипай қойған жоқ. Көп – қорқытты, терең – батырды. Ол да қазағына Құдай берген құдіретті дарын-арынын сарқып бере алмай, іш құса болып, фөниден бақиға озды.

Бүгін осы шаһардың көшесінде алшаң-алшаң басып Темірғали Көкетаев жүр еді... XX ғасырдың ғұламасы! Ол атакты жапондардың ұсынысымен оған 1999 жылы Кембриждегі Халықаралық биографиялық орталық берген. Омырауында соның күміс медалі. XX-XXI ғасырдың аса көрнекті физигі! Резерфорд емес, Эйнштейн де емес, Көкетаев! Қазақ! Америка, Англия немесе Жапония топырағында туғанда абырой-атағы бұдан да асқақ болар ма еді. Бірақ, бұл жолы Алланың таңдауы Алашқа түсті. XX ғасырдың ұлы бір физигі қазақтан туды!

Кешелі бүгін фөниден бақиға аттанып, жүріп кетті...

Оның соңынан ерген көп інісінің бірі мен де жетпіс белден асып барамын, қазақтың үш жүзін-

де табаным тимеген жер жоқ, Алаштың маңдайына біткен небір жақсыны көріп, көңілім көншіп еді, бірақ, өз заманымда осындай жүз жылда бір туатын сирек тұлғаны көрмей едім, Алла оны да қасымнан алып кетті! Отыз омыртқамның біреуін кесіп алып кеткендей! Жапанда жалғыз қалғандай болып отырмын, хош, аяулы ағатайым!

Сенің орның Қарағандыда ғана емес, Атырау-Арқа-Алатау-Алтайда мәңгі бақи үңірейіп тұрады әлі...

Физика-математика – несібінің, Алты Алашқа әйгілі есіміңіз. Бірақ, аға, есебін бұ қулардың, Сіз шығара алмайсыз – Кешіріңіз!

Құзғын-қудың есебі жан ұлаған, Шығара алмай, ел естен тануда, аға: Амалында қосу мен көбейту жоқ, Бөлу ғана – мұныкі, Алу ғана!

Мен түгілі, көктегі Құдайға анық, Көз атаулы барады лайланып: Бөлуден алудың күні туды, Көбейту мен қосуың былай қалып?!..

Өз есебін шығармай қоймайды бұл, Біз – етекте, Төбеден ойнайды құр: Сізді қалай – ақымақ, мені – мәжүнін, Елді – есалаң тобыр деп ойлайды бұл...

Туған тілін қастерлеумен өтті

1999 жылы Ұлыбританияның Кембридж университетінің жанындағы Халықаралық биографиялық орталықтың шешімімен әлемге әйгілел «Ғасыр адамы» атанған, тынбас еңбек, қынбас жігер иесі, Арқаншын арқалы азаматы фөни жалғаннан көшті дегенге қалай сенерсің?! Қарыс жерге сүйем өтірік айтқызбайтын, барыныша әділдік жағындағы адам екендігін ғұмыр бойы келелі істерімен айғақтап өтті. Елге ғұмыры үлгі дейтіндер қатарынан табылды. Сыйынғанынан сүйенгені мықты болды, ал сүйенгені тек қана – ғылым мен білім, ары мен ұяты еді. Арлы адамның Ұлы Хақ алдына да ары таза болып барары даусыз.

...Пандемия асқынған шақта, денсаулығы ауырлап, қаламызда тұма тіл мәселесі шығандап тұрған кезде, қаладағы тіл жанашырлары мен зиялы қауымды жинап, істеген игі істерім аяқсыз қалмасын, заң мен тіл арасында жүрген делдалсың-ғой деп, «Облыстық қазақ тілі және мәдениеті қоғамы» қоғамдық бірлестігіне» төрағалығын

гедейе көтеріп, шындықты тіліп айтатын. Әлем танған академиктің ғұмырымен салыстырсаң, өз ғұмырың соншама мағынасыздыққа толы екенін ұғасын. Лағын қарпін бізділікке түсіру бойынша шаршамай атсалысты. 20 мыңдай сөзді қамтитын «Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігін» жасады.

Енді, міне, Абылайдың ақмаңдай қолбасшыларының бірі Нияз батырдың тектіден тамыр тартқан ғасыр адамы фөниден бақиға аттанып кете барды. Тау алыстанған сайын асқақтай береді деген рас екен. Соныңан өшпес мұра, үлкен өсиет қалдырып, бізге нағыз адам болудың қағидаларын санамызға қорғасындай құйып кетті.

Облыстық қазақ тілі және мәдениеті қоғамы атынан отбасына және әулетіне көңіл айтамыз. Иманы саламат болып, артында қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін!

Мәуен ХАМЗИН, Елеужан СЕРІМОВ

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, көрнекті ғалым, профессор, «Ғасыр адамы», Ұлытау облысының, Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы

Темірғали Әбілдаұлы КӨКЕТАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

Ерсін МҮСАБЕК

Арманда кеткен жоқ, алаңда кетті...

Қазақ ғылымы қара жамылып, Арқа жұрты аңырап қалды. Жаңаарқаны жұбата алмай жатырмыз. Сұңқар Сәкен ақбоз атының дүбірі қалған Иманак жермен жексен болғандай... Кешегі Шоңның Қызылағашы, бүгінгі Темағанның Қызылағашы қан жұтып қалды... Қазақ елі, Арқа жұрты тұрмақ, Жапония жабырқап, Америка абырғап, ағылшындар аза тұтып жатқан шығар... Сарша тамызда санамызды сарылып, жүйке-жүрегімізге салмақ салған мына қайғының жүгі неткен ауыр еді?..

Иә, Темкең, қазақ ғылымын әлемге танытқан, танытып қана қоймай, алты құрлық ғалымдарын мойындатқан Темірғали Көкетаев көшті өмірден. «Ғасыр адамымен» бірге қазақ ғылымының тұтас бір дәуірі көшіп барады. Кешегі Евней Бөкетов секілді ұлы тұлғаның аманатын арқалап, ұлтының жоғын іздеген жокшының жалғандағы соқпағы түйінделді.

...Абыз Ақселеу досы туралы сөз қозғай қалсаңыз, жанарына жас үйіріліп, жабырқап қалатын еді. Сөйлесе – сөздің шешені, көсілсе – ойдың көсемі, кешегі сіл-серлердің сарқатындай болған академик Ғабдолла Құлқыбаев бауыры жайлы естелік айтса, еңкілдеп қоя беретін. Заң саласының заңғары Қазкен Мүсілімов, қажырлы қайраткер Қасымбек Медиев құрдастарын сағынып жүрген. Сол жақсылардың соңынан аттанды...

Ковид алқымынан алып, көп іт балағына жармасқанда, мұқаламаған еді. Қажырлы еді, қайратты болатын. Ауырмай-сырмамай мүлгіп кетеді деп кім ойлаған?! Сексен жасқа толған мерейлі сәтінде сұхбаттасқанымызда:

– Біз – өзіміздің ғылыми тұжырымдарымызды физикалық формулаға бағындыруға барынша тырысатын фанаттармыз. Ал, өмірдің заңы формулаға бағына ма? Әлемдегі ғылыми жетістіктер мен соны жаңалықтардың барлығы – адам ізденісінің жемісі, әрине. Ал, өмірдің формуласына Алла мөр басқан. Сондықтан, Алла ғана – ақиқат, – деген еді. Міне, сол өмір формуласының түпкі шешімі осылай болып, Алланың ақиқат әмірі осындай үкім етті. Амал нешік...

Темірғали аға – Оксфордта дәріс оқыған тұңғыш қазақ. Өзін ғана емес, қазақ ғылымының деңгейі мен мүмкіндігін әлемге мойындатты. Әлемнің таңдаулы университетінде дәріс оқуының өзі – бір тарих. Балкім, бақ шығар, яки, мүмкіндік шығар, әлемнің «Мен-мін!» деген 70 профессоры қазақ ғалымының дәрісін тыңдауға жиналды. Темкең болса, «Дәрісті қазақ тілінде оқимын» деп, Оксфордты аяғынан тік тұртты. Өттең, ілеспелі аударманың мүмкіндігі болмай, физика ғылымындағы қазақша-ағылшынша тәржімнің бір жүйеге келмеуі себеп болып, Темкең амалсыз орыс тілінде дәріс оқыды. Осы жағдайдан кейін физикалық терминдердің қазақша-ағылшынша сөздігін жасауға

кіріскен. Оны жарыққа шығарып үлгерді. Міне, Темірғали ағаның ұлтқа деген жанашырлығы мен ана тіліне деген құрметі! Ол ұлтын сүйді, тілін қадірледі. Соңғы демі үзілгенше, «Тілім!» деп өткен қайраткер болды. Ғылымның қия шынын бағындырды. Абырой асуына көтерілді. Мынау бес күн жалғандағы сейіл-серуені 87 жасқа қараған шағында түйінделді. Шүкір етерлік ғұмыр. Арманда кеткен жоқ, алаңда кетті... Ұлт ұпайын түгендеп, ана тілін қайтсем төрге оздырамын деген алаңмен жүрегіне жүк артып, жүйкесіне салмақ түсіріп алды.

Екеуіміз әдебиет, тарих, жалпы руханият тақырыбында көп әңгімелестіңіз. Нияз батырдың тікелей ұрпағы ғой, пікірлерін батыл, ақиқатын ашық айтатын. Бірбеткейлігі мен өткірлігіне сүйсініп отырып, физик-лириктің ұлттық рух жайлы тұғырлы тұжырым, батыл байламдарынан ордалы ой түйетін едік. Енді әңгімелеспейміз. Жүздейсіміз. Қандау ауыр?!

Темағанның бірбеткейлігі мен өткірлігі жайында айтқан кезде өзі айттып берген мына бір жағдай ойыма оралып отыр. Темкеңнің Эстонияның Тарту университетінде тағылымдамадан өтіп, сонда академик Чеслав Лушиктің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғағаны (1970 ж.) туралы үнемі жазып жүрміз. Ал, жас ғалымның «Мыс пен күміс иондарының сілтілі-галлоидтық кристалдардағы люминесценция орталықтарының табиғаты» атты ғылыми жұмысы өз жетекшісінің ғұмыр бойы зерделеп-зерттеген идеясына түбегейлі қарсы бағытта болғанын білмейді екенбіз. Чеслав Брониславович басында келіспеген сынай танытады. Бірақ, шәкіртінің тұжырымдары тұщымды екеніне көзі жеткеннен кейін ғана тәуекел етіп, қорғауға жіберген. Жетекші мен аспирант арасында мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған екен. Сол ұстазы шәкірті «Ғасыр ғұламасы» атанғанда телефон шалып, ағыл-тегіл жылайды. Қызғаныштан емес, әрине. «Ломоносовты тудырған ұлы орыс халқының өзі мұндай атаққа қол жеткізіп, Оксфордта дәріс оқыған жоқ. Сен – Оксфордта дәріс оқыған тұңғыш қазақсың!» деген қолтаңбасы бар кітабын сыйға тартыпты.

Міне, біз осындай дарынды ғалым, парасатты аға, текті азаматтан көз жазып қалдық... Өттең, жалған!

Темкең қатты денелерді қыздырмай-ақ суық сәуле шығаратынын ойлап тауып, әлем елдерін ел еткізген ғалым екенін жақсы білеміз. Біз түсіне бермейміз ғой, бірақ, жаңалықтың төресі екен... Бүгін Темірғали ағаның өз денесі де суыды. Алайда, оның суық денеден бөлінетін сәулесі мен шуағына мәңгі жылынамыз...

Бақұл болыңыз, Аға!



• МАРАФОН

Желаяқтар желмен жарысты

Кеншілер қаласында жылдың басты спорттық шарасы – Қарағанды жартылай марафоны өтті. Бұл жарыс буыны бекіген, басқан қадамы нық, болашағы кемел ұрпақ үшін әр жыл сайын өтетін дәстүрлі додаға айналған. «Qaragandy half marathon 2024» марафонында 3200 желаяқ бақ сынады.



Қарағанды – көмірімен ғана емес, спортшыларымен де әлемге мәлім тарихи қала. Даңқты спортшылар – Геннадий Головкин, Серік Сәпиев, Дмитрий Карповтың туған өлкесі.

– Марафонның мақсатына облыстық жеңіл атлетика мектеп басшысының орынбасары Эльмира Мақсұтқызы тоқталды.

Марафон 2018 жылдан бастап, тұрақты түрде өтіп келеді. Бүгінгі жарысқа 3000-нан аса адам қатысуда. Жалпы, жарыс алты қашықтық бойынша өтті. Марафон мақсаты – саламатты өмір салтын ұстауға бағытталған. Жеңіл атлетика кең таралған спорт түрі болғандықтан жастарды, жасөспірімдерді спортқа баулу мақсатында өткізіліп жатқан шара. Жыл сайын қатысушы саны көбейіп келеді. Мысалы, өткен жылы 21 қашықтыққа 150 қатысушы болса, биыл 210 қатысушы бәсекеге түсті, – дейді Эльмира Сейфулғазина.

Арнайы спорт күніне орай ұйымдастырылған жартылай марафон спортшылар мен жанкүйерлерге қолдау беру мақсатында концерттік бағдарламамен басталды. Ән айтылып, спортшылар, жанкүйерлер би билеп «Қарағанды – Арена» төрін ерекше әсерге бөледі.

Салтанатты шараның шымдығын облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев құттықтау сөзімен түрді.

– Баршаңызды спорт күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осы жолы марафонға тек Қарағанды өңірінен ғана емес, басқа

да облыс, аудан, тіпті, басқа мемлекеттен келген қатысушылар да сыңға түсуде. Мықтылар жеңіске жетсін, мереке құтты болсын! – деді Темірхан Абылаев.

Алғаш жарыс жолына 2 шақырым қашықтыққа 9-14 жас аралығындағы жасөспірімдер мен ерекше қабілетке ие балалар қатысты. Айта кетейік, марафонға жазылушылар арасында ең көп көрсеткіш осы балаларда болды.



– Менің есімім – Аида, 14 жастамын. Үш жылдан бері жеңіл атлетикамен айналысамын. Халықаралық жарыстарға барып, Азия чемпионы атандым.

Марафон өте жеңіл өтті. Ешқандай қиындық туындамады. Жеңімпаз атанудағы сезім ерекше, ол әрі қарай тоқтамай, күнделікті жаттығу жасап, еңбек етуге мүмкіндік, әрі

күш береді, – дейді Аида Ақылбекова.

Бұл марафонның ерекшелігі – скандинавиялық жүрісте. Яғни, шаңғы таяқтары секілді құрал-

ды қолдана отырып жүру. Бұл жүрістің айырмашылығы – денедегі барлық бұлшық еттің қозғалысына түсуінде. Сонымен қатар, 5 қашықтық шақырым бойынша 150-ден астам қатысушы скандинавиялық жүрістен сыңға түсті.

– Мен жетпіс жастамын. Марафонға бірінші қатысуым емес. Өткен жылы Алматыда әлем чемпионатында бақ сынаған едім. Марафон жоғары деңгейде өтті. Менің жасыма байланысты көптеген сұрақ қойылады. Маған бұл – спорт түрі қиын емес, керісінше, денсаулыққа өте пайдалы. Кез келген жаста спортпен шұғылдануға болады. Әсіресе, жас ұлғайған сайын көбірек қимылдау өмірді ұзартады, – дейді скандинавиялық жүрістен сыңға түскен Нәсіпгүл Асқарова.

Әрі қарай марафон 10 шақырым бойынша өтті. Бұл шақырымның ерекшелігі жас аралығы бойынша есептелуінде. Көпшілік осы 10 шақырым қашықтыққа тіркелген екен. Бұл сайыста қатысушылар арасында бәсекелестік басым. Басқа қаладан келген спортшылар да осы ойында сыңға түсті. Осы шақырым бойынша Астана қаласынан келген спортшы Дәулет Ибрай 30-39 жас аралығында жүлделі ІІІ орын алды.

– Есімім Дәулет, жасым – 36-да. Алматы қаласының тумасымын. Бірақ, қазір Астана қаласында тұрамын. Жүгірумен айналысып жүргеніме алты жыл болды. Қарағанды қаласының марафонына бірінші рет қатысып тұрмын. Бұл спорт түрін бастаймын деп жүрген жас спортшылар дайындықты үзбей, бірқалыпта болуы керек, – дейді Дәулет Мұхтарұлы.

Жалпы, 10 шақырым қашықтық бойынша барлық жас

аралығының ішінен 40-49 жас аралығында І орын алған қарағандылық спортшы Ардақ Абдрахманов – жеңіс тұғырын бағындырып жүрген желаяқтардың бірі.

– Марафон ойдағыдай өтті. Бұл спорт түрімен айналысып келе жатқаным 13 жыл болып қалды. Әр облыстың, қаланың марафонына үзбей қатысамын. Ендігі жарысым – Шымкент қаласының марафоны. Жүгірумен айналысу тұрақты дайындықты талап етеді. Ең басты талап – жаттықтырушының болуы. Ол бәрінің дұрыстығын қадағалап отырады. Менің өз бапкерім Алматы қаласында, біз үнемі байланыстамыз. Жақсы дайындықтың арқасында, жақсы нәтиже көрсетіп келеміз, – дейді Ардақ Еркінұлы.

Жартылай марафонның тағы бір тартысы – 21 шақырым қашықтыққа жүгіру. Осы жарыста барлығынан аса шапқан қызылордалық спортшы Рахимжан Кельманов болды.

– Қызылорда қаласында дүниеге келгенмін. Қазіргі таңда Алматыда тұрамын. Жүгірумен айналысып келе жатқаным он үш жыл болды. Осы уақытқа дейін Халықаралық және Азия чемпионаты ойындарының жүлдегері атандым. Марафон жақсы өтті. Ең ұнағаны – тасжол тегіс. Ешқандай қиындық тудырмады. Ұйымдастырушыларға, қонақжайлық көрсеткен қарағандылықтарға мың алғыс, – деді Рахимжан Кельманов.

Сонымен қатар, ересек жастағы марафоншылар әсем әнге би билеп, кеш көркін қыздыра түсті. Бұл жерде ең бастысы – жеңу емес. Марафонға қатысу – саламатты өмір салтын сүруге бастама.

Жарыс соңында балаларға арналған лотерея ойнатылды. Оның шарты төсбелгі нөмірімен тікелей байланысты болды. Бұл жас спортшылар мен балаларды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды. Жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларға ақшалай жүлделер мен сыйлықтар табыс-талды.

Аружан СЕРІКБАЙ

Суреттер ұйымдастырушылардан



• БӘРЕКЕЛДІ!

Екі дүркін жеңімпаз

Қарағандылық Тимофей Муравьев 11 жасында Қазақстандағы №1 ұшқышсыз ұшу аппаратының пилоты атағына ие болды. Ол бірнеше мәрте республикалық және халықаралық біріншіліктің алтынын жеңіп алған. Жас та болса, ересектермен қатар, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, сала білгірлерінің назарына ілінді.

Тимофей жуырда Қазақстан чемпионатында екі бағытта үздік атанды. Атап айтсақ, 5 дюймдік дрон жарысы һәм тинивуп жарысы (кішкентай квадрокоптерлер). Ол, тіпті, өз әкесін де басып озып, келесі жарыстан күміс еншіледі.

Сергей Муравьев табыс табу үшін емес, Қарағандыны әлемге таныту үшін тоғыз жыл бұрын аэротүсіріліммен айналыса бастағанын айтады. Алдымен, DJI дрондарымен ауадан әдемі суреттер түсірген. Ол 2019 жылдың көктемінде жабдықты неғұрлым жетілдірілген мануалды коптер – FPV сатып алады. Мұндай дронды ұшыруды үйрену өте қиын екенін

жасырмайды.

– Оқу кезінде қарағандылық бірнеше ұшқышпен бірге Liftoff симуляторында трассада ұштым. Алты жастағы ұлым сол жолда ұшуды өтінді. Бір апталық жаттығудан кейін ол біздің барлық рекордтарымызды жанартты. Басында мен жүйеде ақау бар деп ойладым. Содан кейін оның дронын тұрақты және бір қалыпты ұшатынын көрдім. Осылай ұлымның қабілеттерін дамыту керектігін ұқтым, – дейді Сергей Муравьев.

Басында әкесі мен баласы үйде дайындалған. Бірте-бірте қаланың сыртына шығып, Сергей жарыс-



тар туралы ақпарат жиып, қатысу-ды жоспарлады.

Тимофей Муравьев бірінші медалін 2021 жылы «JETISY Эрон Дрон» республикалық дрон-жарысында жеңіп алыпты. Алматыда өткен жарысқа Алматы, Ақтау және Қарағандыдан келген 16 ұшқыш қатысқан. Ал, 8 жастағы қарағандылықтың жарысқа қатысуына судьялар қарсы болмай, Тимофей күміс жүлдегер атанды.

2023 жылы Орал қаласында Asran Fest жүлдесін жеңіп алды. Тимофей барлығын басып озып, еліміздегі №1 дрон ұшқышы болды. Сол жылы Алматыда өткен Tech Cup фестивалінде ол жарыстың тағы екі санатында үздік атанған: Micro Class (микродрондарда ұшу) және Cyber Class (DCL the GAME симуляторындағы жарыс).

– Халықаралық MultiGP чемпионатына әлемдегі 30 мыңнан

астам кәсіпкері ұшқыштар қатысады. Жарыс күзде Флоридада (АҚШ) өтеді. Әлемдік классификацияда Тимофей 137-орында тұр. Үздік 160 ұшқыш халықаралық жарысқа шақырылады. Ұлым да солардың қатарында боларына сенемін, – дейді Сергей.

Бұдан бөлек, жас қарағандылық ұшқышқа Түркиядағы World Drone Cup 2024 халықаралық технофестіне қатысу ұсынылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, оған 50-ден астам елдің ұшқыштарынан 500-ден астам өтінім берілген.

Дрон-жарыс жаңа спорт түрі болса да, өте әлеуетті. Әлемнің көптеген елдерінде ол ресми тіркелген.

Ал, Тимофейдің әзірге үлкен арманы – әлем чемпионаттарына қатысу ғана емес, жеңіске жету.

Өз тілшімізден

Сурет ашық дереккөзінен

